



**Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «АҚТАҢГЕР» АҚЫНДАР
КЛУБЫ МҮШЕЛЕРІ МЕН УНИВЕРСИТЕТ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ 70 ЖЫЛДЫҚ АЯСЫНДАҒЫ
70 ЖИНАҒЫ**

2021 ЖЫЛ



**ЖАҚСЫЛЫҚ НҮРЖОЛ ЖАСҚАНАТҰЛЫ,
Халел Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті,
Гуманитарлық ғылымдар және өнер
факультетінің журналистика мамандығының
3 курс студенті.**

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!

Мен жастарға сенемін...

Болашаққа жасаған құтты амалын,
Әлмисақтан қалаған нық қадамын.
Бал тасыған жиылып омартаға,
Сипаттары сықылды түкті араның.

Мен жастарға сенемін...

Туды төмен жықтырмас тұғырдағы,
Жастайынан шыныққан шымыр бәрі.
Тарих алтын әріппен таңбалаған,
Алты алаштың себебі құлындары.

Мен жастарға сенемін...

Өр кеудеден биіктеу тұрар басы,
Алға тартқан сенімнің жүк арбасын.
"Алаш" "алаш" еді деп ұрандасын.
Жауларының жалауын жығар басын.

Мен жастарға сенемін...

Бабасының үлгі еткен ұлы арманын,
Даласының самғатқан қырандарын.

Мен жастарға сенемін сенгендіктен,
Жасын сүрткен жүрекпен жыр арнадым.

Мен жастарға сенемін...
Мен де Мағжан сенетін өрелі едім,
Мынау дала менікі төбе-белім.
Ұлы рухты көтеріп ұрандатқан,
Мағанда сенеді елім, сенеді елім!

ХАЛЕЛГЕ АРНАУ!
(Халел ескерткіші ашылғаннан кейінгі ой)

Өлең атты жанымды салып тылға,
Есіме алып өзінді тарықты ұлда.
Тастан ойып қашалған бүгін сенің,
Келбетіңе қараймын алып тұлға.

Жаңа үрдіс жанданды жаңаша тым,
Тар қапаста өткерген қараша түн.
Іш жаныма сыймаған өлеңімді,
Келгенімше арнаймын шама шарқым.

Саған шашу арнадым жырдан бүгін,
Маған шашып тұрса егер тұлғам нұрын.
Бүгін бізге Халелдер керек сәтте,
Өкінішті тас болып тұрғандығың.

Жақсылар жиналған соң жыр алаңға,
Бабама жыр арнамай тұра аламба.
Алты алаштың рухын асқақтатар,
Құрсақты ана болса ғой бұ ғаламда.

Әлі талай Халелдер туар еді,
Артық айтсам кеш баба мына мені.
Тәңір бізге бармақтай бақ бергенде,
Болар едім тұлғаның мұрагері.



**АЯЖАН ЖЕТКІНШЕК ҚЫЗЫ,
«Ақтаңгер ақындар» клубы мүшесі.**

СЕН ҚАЗАҚСЫҢ!

Жоғалмаған қаймана қайсарлығы,
Жоқталмаған жырының жәй сандығы.
Күллі әлемнің мейірі сөнседағы,
Мәңгі өшпейтін мінезден жайсаңдығы.

Сен қазақсың!
Қырағылық сіндірген қыранынан,
Өрге өрлеуі басымдау ,құлауынан.
Таза қаны төгіліп батырынан,
Адал ары ағылған жырауынан.

Сен қазақсың!
Сүт емшекпен шыңдалған шынашағым,
Сабырымен сөндірген мың асауын.
Тегін емес тегінде ұрпағыңның,
Мұзбалақ деп мұңаймай жыр атауы.

Сен қазақсың!
Қан шығармай қайтарар құла кегін,
Тектілігің о дағы сірә сенің.
Әкең жауға шапқанда елің үшін,
Шешең үйде түнімен дұға ететін.

Сен қазақсың!
Өжеттігі өткірлігі құламайтын,
Дос мысқылдап ,дұшпаны сынамайтын.
Ер мінезін езгілеп жат алдында,
Көздің жасын көл қылып бұламайтын.

Сен қазақсың!
Азатсың! Жұмақ елсің!
Жақсы атағың жаһанға шыға берсін.
Сен кешегі тұяғы талмаған еш,
Ақан шапқан ғасырлық Құлагерсің!

ЖАЙЫҚ

Сыршыл күйім барады жарылғалы,
Өтіріктің өр басып сағымдары.
Мен асығып жиірек барып жүрмін,
Жайық -Ана өзінді сағынғалы.

Сенің дағы мұң жатыр жүзіңде анық,
Қайда кетіп барасың ізің қалып..
Біз жағаңда жүруші ек жем атқылап,
Асыр салып ойнайтын бүкіл балық.

Көрдім кеше су құсы сап ұшқанын,
Жасамайды толқындар жарыстарын..
Адамзатқа тақпастан еш бір айып,
Жайық жинап барады ағыстарын.

Маған айтшы сен нені армандайсың,
Неге кері ұмтылып жанданбайсың?!
Қарап тұрсам тартылған бұл күйіңе,
Бел ортаңнан морт сынып қалғандайсың.

Су тартылса болады ау елге де індет,
Кімге айып тағамыз жеңбедің деп..
Табиғатты аялап ,қамқор болу,
Бізге дағы қызмет, бізге міндет!



**САТЫБАЛДИЕВА НАЗЫМ МЕРЕКЕҚЫЗЫ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті,
Көптілді білім беру факультеті
Қазақ тілі мен әдебиеті
мұғалім мамандығы 2-курс студенті**

МЕН ТУҒАН ӨЛКЕ

Батырға да, ақынға да бай өлкем,
Мыңғырған малы шаруасы дағы жай өлкем.
О, туған жер, қасиетіңнен айналдым,
Батысымменен иық тіресер қай өлкең?!

Мен туған өлке - айбары басым Батысым,
Туғызған талай асылы менен арысын.
Датұлы бастап, Исатай менен Махамбет,
Тәуелсіздік үшін таңдаған талай ат үстін.

Мен туған өлке - дәулескер күйдің мекені,
Құрманғазы, Дина, Есқали күйдің шебері.
Рысбай аға, Айгүл қыз Үлкенбаева,
Күй қағандарының бүгінгі келбет бедері.

Мен туған өлке - Хиуаз қыз қанат қаққан жер,
Тарихта мәлім, даласы сонау асқар бел.
Біртуар перзент Жүмекен менен Табылды,
Құмында аунап, жанына сая тапқан жер.

Туылған мұнда Қаршыға, Әбу, Хамасы,
Фариза қызға тең келер бар ма баласы.
Нарында туған Наркескен ақын Нұралым
Ақұштап апа - өлкенің ақ шағаласы.

Сыршыл да сыншыл қазақтың дана Қадыры
Домбыра - кие қос ішектің білген қадірін.
Жұбандай ұлды қазаққа бақ қып бұйыртып,
Бере салғандай бағымыз үшін тәңірі.

Атырау, Жайық, Маңғыстау, Каспий арасы,
Ақтөбе менен Оралдың шалқар даласы.
Таңдана қарап, тамсанған талай көз тігіп,
Біз туған өлке тамаша қандай қарашы.

Мен туған өлке, сен туған өлке бауырым,
Гүлдене берсін, асқақтай берсін ауылым.
Титімдей ғана сандуғаш едім сайраған,
Самғасам деймін қыраны болып дауылдың!

УАҚЫТ

Пенде болып келдің мына өмірге,
Ой салдың сен түрлі ағында көңілге.
Сол уақытта бастаған жолмен жүре бер,
Шегінбе артқа, шегіне көрме шегінбе.

Зымырап өтіп жатқан өмірің бар,
Бітпейтұғын күйбелең тірлігің бар.
Екеуін бір арнада тоғыстырар,
«Уақыт» деген өмірде бірлігің бар.

Секунд бар, әрбір минут, сағатың,
Тоқтай салып шыр етіп есік қағатын.
Бейтаныс бір танымайтын адамдай,
Аялдамай бұрылып кете баратын.

Уақытқа жетер құдіретті билік жоқ,
Уақыттан озып шабатұғын жүйрік жоқ.
Жаратқанның өзі бізге сыйлаған,
Уақытқа жетер дүниеде сыйлық жоқ.

Қате басып қадамды,өз-өзінді алдама,
Қайтара алмас уақытты сала көрме саудаға.
Жиырма төрт сағат бір тәулік,
Теңбе-теңбіз,сағанда солай маған да.

АНА

Мейірленген ана жүзі арайлы,
Бар жылулық бір өзіңнен тарайды.
Гүлге бөлеп қуантасың әр уақыт,
Жанұя атты үлкен зәулім сарайды

Әлдиімен тербеп барша даланы,
Нұрландырған кәрі,жас пен баланы.
Қасиетті Ана деген ұлы есім,
Жүрегімен үлкен орын алады.

Кірлемеген басындағы жаулығы,
Бар тілегі баласының саулығы.
Күш алады әрбір нұрлы сөзінен,
Жаһандағы тіршіліктің барлығы.

Сенім артып,жан сырыңды ашатын,
Сағынғанда бір мауқыңды басатын.
Күлсеңдағы,мұңайсаң да жаныңда,
Күн секілді жылы шуақ шашатын.
«Ана» атты бір ұғым бар адамзат
Құдіреті биік таудан асатын.

ӘБІШ АТАМ-ҚАЗАҚТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ (Арнау өлең)

Көне тұрақ-қазақтың Маңғыстауы,
Үйлескен-ді өзіне аң-құстары .
Қанатты сөз,тілектің бәрі-бәрі,
Маңғыстауым өзіңе бағыштаулы.

Маңғыстау-ұлы өлкем қасиетті,
Рухың асқақтады көкке жетті.
Әдебиеттің абызы-Нар тұлғаны,
Әбішті бұл қазаққа нәсіп етті.

Әбіш атам-қазақтың шамшырағы,
Себіледі өлеңнің тамшылары.
Әр өлеңі санаға ұшқын беріп,
Қаламымен шабытымды қамшылады.

Өлеңіңмен тербеп барша даланы,
Жандандырдың өшкен ерте сананы.
Ұмытылмас Әбіш деген ұлы есім,
Қазынамның еншісінде қалады.

«Елең-алаң»,«Шағала»,бар «Шандозы»,
«Бір шөкім бұлт», «Күй»-менен «Бәйгеторы».
Адалдықтың ақ туын желбіретер,
Толығады,толады өлең қоры.

Ұлтының ұлылығын ұлықтаған,
Көненің жоралғысын ұмытпаған.
Кестеленген оюлы сөз өрнекпен,
Өлеңнің сара жолын толықтырған.

«Үркеріндей» ете аудың бұл өмірден
Болашаққа деген үміт-сеніммен,
Келер ұрпақ тәу етеді басыңа,
Жыр оқиды,мақтанады Сенімен.

Өлген жоқсың,сен өлмейсің,тірісің,

Бұл күндері ақындықтың пірісің,
Әдебиетке қадам басқан әр жастың,
Табынатын поэзия шыңысың.

ОЯН, ҚАЗАҚ!

Оян,қазақ,көкіректі кең серпі,
Көбейіпті бұл қоғамның мұң дерті.
Егістікке дән шашқандай құлшына
Қоғамға әкеп жат қылықты көп септі.

Кейбіреуі бүгін менің кеудемдегі жан қайғым,
Қайсысын айтып,сөз етейін қандайын?!
Кінә кімнен ,ойланалық ендеше,
Орын алған бұл олқылық мән-жайын.

Кеудені от жалын еткен сананы,
Бұл қасірет шыдатпай-ақ барады .
Ұшқын кезде су себелік жайменен,
Сәл кешіксек ұшқын болып жанады.

Бүгінімнің сыйпатына таңқалыспен қарасаң,
Кейбіріне жүрекке зор таңба аларсың.
Бүгін міне, ұяң жүзді шын ибалық иесін,
Шарасыздан саусақпенен санарсың.

Көрді көзім,безбүйрек жат ананы,
Өз сәбиін қажетсіз деп санады.
Қынжыламын,көшедегі әр орын,
Періштеге бесік болып барады.

Байқап жүрмін шұбартылған тілімді,
Кеудедегі соққан жүрек тілінді.
Төріңдегі өзге тілдің жолында,
Қара қалай өз тіліміз бүгілді?!

Сүрінер көз көргенде қарттар үйін,
Жткізіп жайын айту тіпті қиын.
Еш қымсынбай тапсырған ата-анасы,
Зергерге өткізгендей құдды бұйым.



ЕГІНБАЙ ДАНАГҮЛ АМАНБАЙҚЫЗЫ,
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс студенті,
«Ақтаңгер ақындар» ұйымының мүшесі.

ЖЕҢІС ҮНІ

Дауылды түндер, үзілген қанша қыл жүрек ,
Торғайдай сорлы қалдыма бәрі тым жүдеп.
Ауаны жарып естілген даусы дүрілдеп
Адыра қалғыр, миналар менен пулемет.

Зеңбірек, мылтық, тажал оқтары тым өткір ,
Екі жақтағы болаттай мықты қыл көпір
Адырын тартып жауластық өртін тұтатқан
Жауларға ортақ жеңемін деген мақсат бір .

Күйрете соққан екпіні қатты ауыр жел
Өлексе дала, сел болып аққан қанды көл.
Анасы менен баласын жұтқан сұм соғыс
Қақпаныңа түсті ғой сенің қаншама ел.

Әлемді жаулап, дерттейін тіпті тоқтамас ,
Бірқыңа сенің, қанша ма елдер жығылмас
Лаулаған оттың түтініне өзің тұншығып
Жеңілісіңе уланып фашист болдың мас.

Ұлы деп бекіп тарихта қалды сұм соғыс
Дүниеге мәлім, екінші деген қан соғыс
Рейхстатқа тіккенде жеңіс жалауын

Мәңгіге бекіп аяқталғанды бұл соғыс

Сенбейсің тіпті сенгіңде келмей қалады
Сол жылдар тарих жоғалып бейқам барады
Үлкендер айтқан қаһармандарды үлгі етіп
Жыл сайын барып, мәрмарға алау жағады.

Қызыл да,сары гүл шоқтары тізілген
Қаһармандардың қазір,тәнінен жаны үзілген
Майдандас досын еске алып тұрған батырдың ,
Қимастық жасын байқауға болар көзінен.....

Сол жылдар неге соншыма қатты түнердің,
Сұрапыл жылдың сойқаны қатты білемін
Мұз болып қатқан тас жүректерді жылытқан,
Бостандық ,жеңіс не деген тәтті үн едің!?

Кіршіксіз парақ,тамбаған қалам сиясы,
Жазбаппын жырды,жылжыпты күндер қарасы
Сағым боп көзге жауаңдап қалған қу шабыт,
Өлеңнің қайта тұтқыны болдың қарашы

Әлсіздік басып,безгендей мына өмірден,
Адамнан үркіп, қас қылатындай көрінген
Өзіммен өзім шаршаңқы жүрмін,шаршаңқы
Білініп тұрған шығарау мына түрімнен.

Өзімнен қорқып,өзгеден қорқып жанарым
Болашақ дейтін заманға сенбей қарадым
Мен шешкен таңдау жеткізсе егер шыңдарға
Шабытымменен сырласып мәңгі қаламын.

ҚАРАША КҮЗ

Сырласып іштей қараша желдің ызғары,
Қабағын мүлде жаңбырлы күнде бұзбады.
Есіркеп мені тұрғандаймысың мұңлы күз
Жабырқап тағы отырмысың деп қыз жаны

Жұбату қиын,
Жұбатаалмадың сен мені,
Сарынды кейде түсінбей-ақ қойдым сендегі
Жаңбыр боп мұндар,сел болып сіңіп кетседе

Өзіңмен бірге, есіме тағы келеді.
Есіме түсті оралғаныңда тағы да,
Мен сені кейде сарыл күтем сағына
Ессіздігімнің осында болар мәні де

Жайсызда,жайлы сәттерге толы сары күз
Мен сені тағы күтіп отырмын сағына.
Күтіп отырмын тағы да..

УАҚЫТ

Бүгін,ертең күндер-ай зуылдаған,
Бір құдырет адамға бағынбаған
Кейде уақыт мен сені жеккөремін...
Айлакерсің түлкідей жылмаңдаған

Тасқа айналған жүректтей қатайасың,
Мен үшін тым тәкаппар байқаласың
Маған қымбат қаншама адамдары
Қашан менің жаныма қайтарасың?!

Уақыт,Уақыт шаршадым осы сөзден
Жылдар тайып барасың көздерімен
Мен сені мейірімді деп санайтынмын.
Мейірімсіз екiнiңдi бiлмегеннен...

ӘБІШКЕ АРНАУ

Талайларға қалам тартып жүргенмен,
Бір арнау бар көңілімде кептелген
Бүгін міне маздаптып жыр алауын
Шығарайын тарту өлең еппен

Өлең шіркін...
Тек биікті ұнатады білмейін,
Шабытыма әлде еркіндік бермеймін
Мазда шабыт лапылдатып шамыңды
Енді саған тұсау сала бермейін

Менің жырым, Әбіш жыры толғайтын
Өлең патша жүрек қылын қозғайтын .
Бар болғаны себепкері мен ғана
Сөз маржаны жыл өтседе тозбайтын

Ұштастырып прозамен сезімді
Ауыздықсыз қоя бердің өзінді
Сенің шалқар жырларыңмен сусындап
Ұрпақтарың есімінді ұлықтау мен келеді

Қара сөздің құдыретін таныттың
Жазушысың ашқан бетін жарықтың
Өзекті ойың, шексіз тылсым өнерің
Әдебиетті алып шықты құрсауынан тамықтың.

Таба білген ерекше мінез жарасым ,
Маңғыстаудың марғасқасы жоққой мүлде таласым,
Өз жерінді құнды ғана емессің
Бүкіл қазақ баласы үшін дарасың!



ЖҰМАБАЕВ ЕРҚАНАТ ҒАЗИЗҰЛЫ
Физика, математика және АТ
Информатика 2 курс.

Алтын бесік, қайнар көзім, бұлағым,
Топырағың мойнымдағы тұмарым.
Судың сыңғыр күлкісін шалған кезде
Құрышын бір қандырады құлағым.

Көгілдірі бұлаңдап судың бетін,
Шолпысы боп нұрға бөлейді төркінін.
Күн астында Күнекейдей құлпырып,
Шағаласы шарқ ұрады көк төрін.

Жүмекендей алып туған бұл маңда,
"Қоңыр әулие" күй тербеткен жасында.
85ті тойлар едік құшаққа ап,
Әттең, гүлді қоямыз-ау басына.

Дарабозын жырға қосып күн-түні,
Туған жері, құм-шағылы, әр гүлі.
Қыр баласын ұмытып ел, жаңылса,
Жүрек ұстап тебіренгенмен не үлгі?

Асау толқын тулаған Теңіз ұлы,
Тебіреніп шабысынан жер кіндігі.
Рахымжаным, арғымағым, сұңқарым,
Ақ боз үйдің кебенек хәм түндігі...

Жырдан асыл алқа төксін көмейім,
Мөлдір тұнық, інжу-маржан, гүл дейін.
Ұлылығын ұлықтасам ұлықтың
Хиуаз апам жаудың алып үрейін.

Көк аспанын темір құспен қалықтап,
Он сегіз мың ғаламында шарықтап.
300 ұшып, 14 құлап жатса да,
Қанатты қыз иеленді ұлы атақ.

Кең сарайым, кіндік қаным тамған жер,
Торқадай боп денемді үбіп самал жел.
Дәру сыйлап шұғылалы таң жүзі,
Таудан биік басып жүрген асу-бел.

Құрманғазым - ашылмаған алтын кен,
Жаным сенде аяқ түзді басқанмен.
Қаланың түнін жамылып ұйықтасам да,
Оянамын Құрманғазы таңымен.

Шашылған іспетті гүл аспан-көктен,
Һәм абажур жол сілтеп көк түнектен.
Жәди.
Сүмбіле.
Мизам яки
Хамал болсын,
Құт-береке, шұғыла, нұрын төккен.

Сіздермен бастауын ап жарық әлем,
Жарық әлем.
Жанған жұлдыз.
Жаңа өрен.
Қаз-қаз басып періште, балғын қадам
Жасайды және оған сіздер жүген...

Сіздерсіз бұл дүние қапырық тым,
Тышқан жеген күйіндеміз ақиықтың.

Жұтқандай құрғақ ауа,
секілденіп
Ақберені сынған бір кәрі тұтқын.

Сіздерге жететін де, асатын да,
Басар орын фәниде адам бар ма?
Көрген емен түсінбейтін "АНА" ұғымын,
Екі аяқты пенденің амалында.

Анашым,
Балдан тәтті балалық бақ шағымның,
Бойымдағы тасқындаған күш-ағынның,
Тарағын тармақтаған фәниімнің,
Кемеңгері сіз ғанасыз...

АНАШЫМ,

Толастаған талаулар арасынан,
Өмірдің ақ жолы һәм қарасынан,
Жабыққан сәттерімнен аласұрған,
Жебеушім, ғұмыр – сәулем сіз ғанасыз...

Анашым,
Жаңылғанда жолымда жетекке еріп,
Тұмша үміт, қалғанда көңіл семіп,
Сапарыма тілеп бақ, болған көрік,
Ақ жаулықты сахабам сіз ғанасыз...

Анашым,
Тоқыған Алла есімін жүрегіме,
Сыйлаған жылулықты жүрегіме,
Иманды да сіңірген жүрегіме,
Ақылшым сіз ғанасыз...

Ана,
Мен сізді көп ойлаймын,
Жер жаннатым, жұмақ кілтім өзің ғана.
Сағынышпен құшағыңа енген кезде,
Алланың ең сүйікті құлындаймын.

Сарғайтатын сағынба сары мұңды,
Жабығудан жас жаның және тұнды.
Үміт деген ұмытпа кең ұғымды,

Төзімдіді тұншықтырып, тұзақ салып,
Бұғауымен бұғаттап жатса дағы,
Жүрегің тек айтады дұрыс үнді.
Ей, тағдыр, қинама, бауырымды...

ҰМЫТАМЫН...

Қалқам, сені ұмытып та үлгердім,
Өкінбеймін өткеніне ғажап толы күндердің.
Айым болдың бұлт артынан шығатын
Күманы мен тұман толы түндердің.

Сүмбілені жаңа көрдім аспаннан,
Жұбын бірақ көзім шалмады жанынан.
Ай да бүгін ұялғандай кейіппен,
Бір сәулесі жанбағандай шамынан.

Бірақ, сәулем,
Ұмытпан көмегіңді,
Сыйласын Аллама аппақ ниетіңді.
Саған деген өкпем жоқ, реніш те,
Тәңірім жарылқасын ендігі.

Ендігәрі...
Сені сұраймын бізді қосқан бақшалардан,
Ортақ бізге жанашыр бауыр, достан.
Жақын тұтқан өзіңе "елес қолдан»,
Сені ұрлаған түсімнен патшағардан.

Тізгін тарттым. Саулығыңды тіледім.
Орындалсын барлық арман-тілегің,
Амандықты құстардан да білермін,
Бұл қоштасу уақытша деп білемін

Мәңгілік пе?!

Онда бақыт тіледім.

Ең бастысы,

Жыламасын сенің ғазиз жүрегің.

Бақытты бол, Ақтамағым!

Ұшқын

ҚАЙРАТ САМҒАТ
журналистика
кафедрасының
1 курс студентті

Жанарынан күліп тұрған нұрлана,
Сырларыма қанық менің түн ғана.
Өнеріме не десеңдер, о дендер
Ұшқынымды ұрламаңдар қызғана!

Болашағымда өткен күндерім ертегі,
Мен өсіп келем алаш елінің ертеңі.
Қазақстан-алау, ұшқыны болсам, жетеді
Тәуелсіз елім-мәңгі бірліктің мекені!

Біз-ұшқынбыз, ел-алаудан таралған,
Әр жүректі жетелейді сан арман.
Жырым жетсе шабытым да сарқылмас
Күтер бізді кенелтетін бақ алдан.

Айтылар бізге, ұшқын жырларға дара сын,
Еліміз берер, ұғынып жатса, бағасын.
Ұшқындай жаным дүрсілдеп көкке кеткенше
Мен сені сүйем, қадірі асқақ Алашым!

«Ұшқын» дегенім- түндерде келген шабытым,
Кездерде кейде жіберіп алам ағытып.
Мен ұшқынмын, үрлеңдер, болам алауың,
Тұлпармын және ашуға тима қағытып.

Біз-ұшқынбыз, ұшқыр да алғыр ойлары,
Ауыр ойлары сай келмесе де бойлары.
Шабыт та келмей, көк сия жатыр төгіліп,
Бұл жырым, сірә, ұшқындай бола қоймады..

Шаршады көңіл

Мен жайлы біреу сұраса оқыс көшеден,
Танымаймын де, таныстан көңіл сүрінген.
Құшағын ашып тұрған мен үнсіз жымып,
Буынсыз жерден пышағын сұғып үлгерген.

Алысып кейде доссыз да, ауыр сынақ пен,
Жігерім құм боп, көңілім талай сөгілген.
Жарқырап келбет, тұрған мен жаным күлімдеп,
Көңілім қалды өмірден мынау сан рет.

Шаршады көңіл күлкінің кетіп райы,
Жанымды қазір дәрменсіздік құрайды.
Достарым көп соданда болар.....
Қәлімді менің, керек кезде сұрайды.

Қалғанда жаным қараңғы қамал түбінде,
Шыққанда жаным шарасыздық төріне.
Тікендей шаншып тіліме қанша батсада,
Айтамын сөзді.....
Өкінемін келгенге мына өмірге.



АНУАРБЕКОВА ЖҰЛДЫЗ КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ

**Көптілді білім беру факультеті
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын
даярлау мамандығы бойынша
1 курс студенті**

МҰҢДЫ БАЛА КӨҢІЛІ

Жалғыз үй бар - іші мұңға толған,
Жалғыз үй бар - бала есім жоғалған.
Анасын іздеп жылаған дауыс шығады,
Бала күлкісі естілмейді бұл маңнан.

Балалар үйі
Салқын ызғар еседі бұл шаһардан.
Бір бала бар, көз алдына келетін жалғыз үйі,
Жаңбырша аққан тамшылар қос жанардан.

-Заңғар, сен мұнда не істеп отырсың?

-Отырмын, ата-анамды сағынып,
Не күлерімді, не жыларымды білмей қамығып.
Әке-шеше сонша қатал бола ма екен?
Кей аналар жүреді ғой, бір балаға зарығып.

Түнде жылап шығамын көрпе астында,
Сұрауы болады ғой көз жастың да.
Бұл өмірге келгеніме өкінемін,

Ата-анама керегім болмады ма?

-Олай деме, балақай, олай деме,
Өзіңе сен өзгеге сене көрме.
Ата-анаңа сен қымбатсың жақұттан да,
Жүрегіңе ұялатпа бөлек бөлме.

-Жаңадан келдіңіз ғой, не білесіз?
Бұл үйменен жүрегім менің егіз.
Балаларды көріңізші балаңыздай,
Менен сізге болсыншы жылы лебіз.

-Балаңыз бар ма сіздің айтыңызшы?
Баланың тәтті шығар әр күлкісі!

-Иә, балам болған,
Айналам да қуанышқа толы болған.
Сәбилердің күлкісі бөлек, шіркін!
Сол күлкі гүлдей болып қалды солған.

-Неге, неге «балам болған» дейсіз?
Айтыңызшы неге сіз үндемейсіз?
«Балам бар» деп қуанышпен неге айтпайсыз?
Бала деген – періште түсінгейсіз.

-Балапаным мені тастап кете барды,
Балалық тәтті шақты көре алмады.
Құдайым алды оны өз қасына,
Амал не қалдырғанда өз қасыма.

-Кешіріңіз,білмедім,артық кеттім,
Күлімдеген жүзіңізді мұңды еттім.
Сізді көріп алыстан, көкке ұшып,
Қуанғаннан күлімсіреп «мама» деппін.

Балаңыз болайыншы үміт артар,
Қуаныш пен қайғыда шер тарқатар.
Маған ана болыңызшы, өтінемін,
«Әпер» деп жыламаймын көп ойыншықтар.

-Балақай,ойланайын,толғанайын,

Жүрегімді тыңдап жүріп, жол табайын.
Періштелер тілегінді қабыл қылар,
Сендей тәтті баладан айналайын!

-Жарайды,кеш батыпты,мен кетейін,
Ертеңде сізбен бірге сыр шертейін.
Достарым күтіп қалған шығар мені,
Сіз үшін бір Аллаға дұға етейін.

Тәрбиеші барды үйіне, күйеуіне асыға,
«Бір бала бар» деп айтуға, қуаныштан жар сала.
Тәрбиеші балақайды баласындай көрер ме?!
Күн нұры мен түнек бұлты жер жүзіне төнерде.

-Отағасы, айтайыншы сізге үлкен қуаныш,
Бір бала бар керек оған өмір бойы жұбаныш.
Баламыздың орнын басар деп сенеді жүрегім,
Қуанышта, қайғыда да шер тарқатар тірегім.

-Жарайды,асырайық, ол баланы,
Баламыздай болып кетер жат көрмей-ақ.
Жазайық жүректегі көп жараны,
Періште,Алла берген көпсінбей-ақ.

Қуанышы ұласты үлкен тойға,
Жақсы ойлар келеді небір ойға.

-Сәлеметсізбе?!
-Сәлеметсің бе, балам?!

-Балақай мың ойланып, мың толғандым,
Қуаныштан көкке жетті зор бағым.
Өткеннің еншісіне тапсырайық,
Тасқын судай болып өтсін болған күн.

Мінекей, бәрі жақсы аяқталды,
Жырым менің шегіне таяп қалды.

Жетімін жылатпаған қазағымның,
Жылы жүрек, жылы құшақ жыры ақталды!



АЙЗЕРЕ БАЙМУХАНБЕТОВА АЙДОСҚЫЗЫ
«Ақтаңгер ақындар» клубы мүшесі

БІЛІМ ОРДАМ!

Мұра боп бізге қалған ұлылардан,
Сенімен мақтанамыз білім ордам!
Жайықтың жағасында, Атырау қаласында,
Шәкіртпіз барлығымыз білім алған!

Толысқан сана менен ақылдары,
Шәкіртпіз сұлу қыздар сапындағы.
Жетпіс жыл тарихы бар Университет,
Бұл Халел Досмұхамедов атындағы!

Біліктен қолдау көріп биылда біз,
Алғанбыз жастар болып сыйын нағыз.
Жан-жақтан жиналғанбыз студент боп,
2-курс ДООИВ 201 жиырма қыз.

Баспайды білім барда санамды мұң,
Сезілер әр ісімнен адалдығым.
Инновациялық факультетін таңдағанбыз,
Педагог тәрбиеші мамандығын.

Қиянат жасамаймыз аманатқа,

Қалмайды білім ордам жаман атқа.
Біздерден алғыс алған ағайымыз,
Ректор Ыдырысов Саламатта.

Есте әр кез елден менің ерегім
Таптым бәлкім жанымның өз керегін
Құлағымнан кеткен емес ешқашан
Еркелетіп мені жаным дегенің

Махаббатпен, адалдықты ұғасың
Қамқор сырлас сіз екенсіз шын асыл
Ең алғаш рет танысқанда ұялып
Қызарсамда сен жымыып тұрасың

Сезім тербеп, шыңға шырқау ұшамыз
Ұшырамыз шын сезімнің ұшағын
Арамызда қаншама ұрыс болса да
Әр кез ыстық сенің жарқын құшағың

Жанарыңыз, қарағаның айбарлы
Тентектікті түзеттің де жайланды
Сіз сыйлаған шоколадтар мен үшін
Дүниенің тәттісіне айналды

Қол ұстасып бақытты боп жүрейік
Бірге жылап бірге әрқашан күлейік
Бір Алланың разылығын бірге алып
Сіз екеуіміз Жәннәтқа һәм кірейік...

ЖАН АНАМА!

Нұрын төккен күнімсізғой жан анам!
Бар шуағын үш гүліне арнаға
Сізден ғана жігер алып өмірде
Сіздің жүрген сара жолды таңдағам

Айымсызғой жарық қылған түнімді
Жұлдызымсыз сәнді еткен көгімді

Бір Алламнан саулығыңды тілеумен
Атқызамын әрбір ғажап күнімді

Қымбат жансыз мен үшін ең асылсыз
Аллам сізден бар бәлені қашырсын
Әкешіммен мәңгі шалқып бақытта
Жастарыңды жүзден дағы асырсын.



ЖАҢАБЕРГЕН ТОЛҒАНАЙ
Жаратылыстану және
ауылшаруашылық факультеті,
химия-биология 36 топ студенті

УНИВЕРДІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА ТАРТУ!

Жырды төгіп, нәрді көп сеппейінбе,
Жүрген жерді мақтаныш етпейінбе.
Көзге анық көрінер бір өңір бар,
Картаның батыс маңы беткейінде.
Қонағымын оңтүстік жақтан келген,
Батыс халқын мадақтап кетпейінбе...

Жайығын жақсыларым жағалады,
Бақтары қай істеде жана алады.
Жер жәннәті-Жетісу болғанымен,
Біздерше Атырау боп саналады.

Білімнің ең жоғарғы сатындағы,
Мәдениет пен спортқа жақын тағы.
Атырауда еңселі универ бар,
Халел Досмұхамедов атындағы.

Ескірмеген ереже елден ерек,
Шәкірті көп шаттыққа жүрген бөлеп.

Білім алып жүргенің былай тұрсын,
Мұндағы атмосфера тіптен бөлек.

Студентті соқтырған соққылар көп,
Кураторлар күлімдеп ұқтырған дөп.
Ғылымның туын ұстап, майын ішкен,
Профессор, кандидат, докторлар көп.

Ордасы үшін білімнің соңынан мың,
Алысқан арысым көп жолында мың.
Универден түлеп ұшқан азамат көп,
Өмірден тауып жүрген орындарын.

Ерлерімнің қанаты талмасыншы,
Өзегінен сындыра, алмас сыншы,
70 жылдық мерейтой құтты болып,
700 жылға дейін жалғассыншы.

ҰСТАЗ

Ән көрмедім әншісі салмағанды,
Көрген едім бағы шын жанбағанды.
Бұл жолы өлеңімнің бір тармағын,
Жөн көрдім ұстаздарға арнағанды.

Айналысып жатсамда ермегіммен,
Тіпті онсыз бәйге де жеңбедім мен.
Одан үлкен, тым биік не бар дисің?
Ұлағатты ұстаздың еңбегінен.

"Осындай жан болсам"-деп қызығатын,
Бүлдіршінге әліпби ұсынатын.
Кең пейілді, ақкөңіл ұстаздар-ай,
Студент қып қияға ұшыратын.

Мақтасақта құрметтеп жарасады,
Шәкіртіне шын күліп, қарасады.
Кектенуді білмейтін ұстаз, шіркін!
Ағарып жатса дағы қара шашы.

Ақыл айтып, әсерлі жарқын үнмен,
Жалғастырып кетер ем салтын бірден.
Сақталады. Сақталмас қалай ғана?
Шәкірттің жүрегінде алтынменен.

Сый ғып күткен белгісіз тосындағы,
Жүрек пенен ақылдың қосылғаны.
Бар білгенін үйреткен шын жүректен,
Ұстаздарға мың алғыс осындағы.

Үміт артып жіберген ұл-қыздарын,
Сіздерменен өткізбек қыс-жаздарын.
Біздер үшін сіздерден асқан жан жоқ,
Мереке құтты болсын, ұстаздарым!



МӘЖИТ НҰРТАЙ

**Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.
Көптілді білім беру факультеті,
Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы
4 курс студенті.**

ХАНДРА

Сәттер сынып, айна жүзден арай үшты...
Сынықтары сен ұстаған қолымды ылғи кеседі.
Кеселі көп, көлгір мінез түлен түрткен жындыдай
Өң мен түсте бір-ақ жанды көп ойлайды деседі...

Тарам-тарам тағдыр жолдан тайқыған көп, тайған көп,
Ойран болып, обыр ойдың салдарынан ақ сезім.
Сені сүйген ес ауыс шақ, еңкіш көңіл тоналған
Өзге түгіл өзімді де танымаған жат кезім.

Сезім арын көп аттаған, біз кәніккен өтірікші шығармыз(?)
Шырағданын сұлу шақтың күнәлі оймен өшірген.
Қия басқан, қағілездеу сезіміңді сұрықсыз
Менің қандай жомарттығым кешірген?

Құлай-құлай биік тозар, сезім семер - уақыт ұзақ кемірген,
Келелі ойлар келешекке жеткізе ме, жарығым?
Үстел үсті, көп жазбаған қалам мен
Сен жазбаған хаттардың да — бәрі мұң...

Мұң меңдеген мезгіл тынық, не борансыз, не жырсыз.
Тереземді сығалайды үбек қаққан сорлы үміт.
Жидіген жан жақсылыққа жарамсыз һәм аярлы
Келе жатыр шетсіз, шексіз жол жүріп.

Желкенімді сезім кеулеп, адастырды аңғалдық
Сана жібін соқыр құмар матады.
Жапан түзде құлазыған мазарындай ақынның
Жалғыздығым жүрегіме жат әлі.

Сәттер сынып, айна жүзден арай ұшты,
Сынықтары сен сүймеген жүрегімді тіледі.
Тағдырымды табан асты қалдырып
Тек сен жайлы ойлағым-ақ келеді,
Тек сен жайлы ойлағым-ақ келеді.

ЖАС

Жанарың жанды жұбаныш көрмей жабығып,
Жұлқиды есің жұлым жылдардың желісін.
Көңілің күйреп көрмеген ешбір жан ұғып
Еңкілдей бердің не үшін?

Елең де алаң сәт туып сосын жадымда
Жылжып жатады жер шары сынды көз жасың.
Ақ құба беттей жасыңды жұтып алдым да,
Тылсымға айналдым, кеңістік болып туғасын.

Кездерде керуен күй көшіп жатыр көңілшек,
Кереғар тағдыр тоғыстырыпты біздерді.
Мен де жылайын, сіз де жылаңыз бүгінше
Жыр да жылайды...Кім білсін, бәлкім, сізге ерді?

Тоңғақ ойлардың тостағындағы у-шәрбат
Төңкеріп тастап, тәлтіректеді...тозды ақын.
Қытымыр аяз қатырған жасың шытынап
Қысқа айналдырды қагілез, қатал күз де атын.

Паң болмысымды орамал қылдым жасыңа,
Топалаң тағдыр тұтқасын бермей қойғасын.
Қауқарым құлап мұңыңнан әрі асуға
Ұмыту – сірә, көңілге медеу, ойға сын.

Жас парлап келіп жатсынды жерді, адамды
Ақындығымды аттап өтті де шерменің.
Содан кейін бе, сағыныш басты санамды
Көз жасын әлі тыя алмай жүрген Сен дедім.

Қателігіне қалтырай қарап жасы үдеп,

Қара көздердің таусылар емес жылғасы.
Кіл күнәларды кеше ала ма екен бұл жүрек
Кіл күнәларды кеше ала ма екен бұл ғасыр?!

ҚОШТАСУ

Жүрегі дауаламаса да, қоштаса алатындар үшін...
Қоштасу бар алдыда - сөзсіз білдік,
Бұйырмайтын сияқты мұның бәрі.
Үкілі үміт, тұр алда көзсіз күдік,

Біз бекембіз, тағдыр ғой құбылмалы.
Қауышу да жоқ емес, құрбым, бірақ
Кімнің қалай түседі бетіне әжім.
Кетеміз деп қоямыз тағдыр сынап,

Мүмкін емес шындыққа жету әзір...
Сағыныш па сыбдыры жанды өпкен күз,
Махаббат па қартайған көзінде оның?
Қандай мазақ жаныңнан жырақ жүріп
Жүрегімде бақытты сезінгенім?!

Кез ілгері... қылар ек қандай күнә?
Көз ілгелі қиял да, қалау да - Сен.
Тағдыр мені жазбасын маңдайыңа,
Мен іздеген жерлерден табылма сен!

Табылма сен! Торықсын аспан сосын.
Сағынышты сіңірсін хаттар кәрі.
Анда-санда сабылған өлеңді осы
Оқып іштей жыларсың, артта бәрі...

Көкжиегін қызартып күн көмілсе
Кеудең өксік құшар-ау, көзің тамшы.
Көктем келіп, жер жүзін гүл көмкерсе
Бәйшешегін мені ойлап үзіп алшы.


Жылдар жортса, алдыға ақын болып,
Келем қалқам, кезігем - көзімді ілмей.
Тағдырға сен, жүректі жақын қылып,
Кездесерміз мен білмей, өзің білмей.

Аспаныңа қарашы, айнама, бүгін,
Жас тамуға болады үзік мөншақ.
Қоштасамыз деп жүріп сезім жібін

Абайсызда алқынып үзіп алсақ?..

Жазып алсақ қайтеді сырларды осы,
Пешенеге жазылған тағдыр сынды.
Мен ойлаған мәңгілік мұңдар сосын
Жадыңызға жалғыздық тағы ұсынды.

Қарлығаштар оралса өлке біздің
Қуаныштан ән салған сияқтанды.
Көктем тұрды алдында көркем қыздың
Қоштасудың артында Ұят қалды..



ТӨЛЕПБЕРГЕНҚЫЗЫ АЯЖАН
Педагог-тарбиеші және мектепке
дейінгі дейінгі білім беру әдіскері
мамандығын 2-курс студенті

АЛТЫН ОРДАМА ЖЫР–ШАШУ!

Алаштың туын асқақтап көкке көтерген,
Қаймана қазақтың құрметтісіне бөленген.
Досмұхамедовтің есімін алған бұл ордам
70 жыл бұрын шаңырақ туын көтерген.

Өргізген ылғи білім мен өнер иесін,
Ғылым шыңына өрлеген талай ұлы есім.
Бақыт пен шаттықтың мекені болған бұл ордам
Айбынды Алаштың төрінен тапқан үйлесім.

Талай тарланбоз ғылымға қанат қағыпты,
Профессор, доктор, кандидаттар алға шығыпты.
Заманауи білім мен технологияны меңгеріп
Біліммен жастар алтын тұғырға қоныпты

Білім ордама бақ пенен ырыс қоныпты,
Жылма-жыл жаңа технологиямен толықты.
Жаңа бөлімдерде жаңаша білім беріліп
Меңгеріп жастар біріген –бірі озыпты

Толастамай білім көші жырлансын,
Еңселі ордам әсем әнменен нұрлансын.
70 жылың құтты болсын, ақ ордам !
Сан ғасырларға аңыз болып жалғансын!

ЕҢСЕҢДІ КӨТЕР!

Керек емес бұл өмірге жылағаның,
Қайғырғаның, сүрініп-құлағаның.
Шыдау керек, төзу керек бұл күнге,
Келмейді ғой әркез сенің сұрағаның.

Көтер қане басыңды, еңсеңді көтер,
Өз-өзіңді жазғырма, ол күн де өтер.
Тағдыр деген толастамас ағын судай,
Бір мезетте өзіңменен алып кетер.

Мейлі төнсін басыңа қауіп-қатер,
Бәлкім саған сынағың қатал жетер.
Өмірден безіп, таусылып тағатың,
Ушығып кетер жағдай бұдан-бетер.

Не болды саған, сынды ма сағың?
Ойлайсың іштей: «Ашылмай бағым»,
Қателесесің, кеш емес әлі
Тезірек берілме, сынбасын сағың.

Жігерлендір ой-көңілді қалай да?!
Қуаттансаң көнбеске қалмас солай ма?
Өз-өзіңді қолға алмасаң егер де
Тіріліп денең, бойыңа қан тарай ма?

Өмір ғой қайтесің, бәрі орын алар,
Төзбесең тағдырға егер, сорың болар.
Мақсат қойсаң, талпынсаң әркез алға,
Сонда ғана арманың орындалар

ТУҒАН ЖЕР

Туған жер ыстық болады екен бәріне,
Барлығына, үлкен –кіші, кәріге.
Туған жерге ештеңе де жетпейді,
Туған жердің иісі де таныс бәріне.

Туған жеріммен мен дағы мақтанамын,
Жүрегімде мәңгілік сақталасың.

Саған жетер қасиет бар ма дүниеде?
Туған жерде күліп – ойнап шаттанамын.

Туған жердің ауасына не жетсін!
Бақыт қонсын, туған жерім кенелсін.
Туған жерім биіктерден көрініп,
Әдемі, әсем қалалармен теңелсін!

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілі, қазақ тілі,
Қазағымның ғажап үні.
Ана тілі, ана тілі,
Бұл елімнің жарық күні.
Тілімізді байытамыз,

Қазақтығымызды танытып.
Бар байлығын қазағымның,
Бүкіл әлемге танытып.
Қазақ тілі-біздің тіл,

Бабамыздың тілі бұл.
Қазақ тілін қастерлейміз.
Құрметтейміз бұны біл!
Ана тілің-арың бұл

АНА ТІЛІҢ-АРЫҢ БҮЛ

Бір бөлшегі жаныңның,
Өнер алды қызыл тіл,
Себебі ол, ана тілі.
Ана тілің арың бұл.

Қазақ тілі қанымда,
Ана тілі жанымда.
Қуанамын әр шақта,
Ана тілдің барына.

Тілім менің, тілім,
Ана тілім, жырым.
Тілің барда тынбай,
Асқақтайды үнің.

Менің тілім қазақ тілі,
Көрінеді әр қыры,
Ана тілмен ашылар,
Дүниенің сандығы.

Әдеби тіл-байлығым,
Ана тілім-айбыным.
Қазақ тілім, жасай бер!
Асқақтасын мәңгі үнің!

ЖЕҢІС КҮНІ

Ұлы жеңіс күні келді еліме,
Ұлы жеңіс күні келді жеріме,
9 мамыр - қуанышы халқымның,
Ұмытылмас жүректегі жарқын күн!

Ұлы жеңіс - қуанышты мереке,
Жеңіспенен келді бізге береке.
Таусылмасын ешқашанда той-думан,
Құтты болсын 70 жылдық мереке!

Бүкіл елім аңсап еді бұл күнді,
Зұлым соғыс бұзған еді күлкімді.
Міне бүгін Жеңіс күні ғажап-ақ!
Жүрегіме ағыл-тегіл жыр тұнды.

Елімізде бейбітшілік орнады,
Орындалды адамзаттың арманы.
Оралмаған ортамызға ерлердің
Өкінішті, орны әттең толмады.

Отқа түскен ұрпағы үшін, ел үшін,
Бауыржандай айбыны асқақ атамыз.
Рейхстагқа Рахымжан ата ту тікті,
Олар жайлы айтылады жыр аңыз.

Шығыстың жарық жұлдызы,
Әлия, Мәншүк - асылдар!
Қасым, Талғат, Есқайыр,
Жарқылдаған жасындар!

Ел қорғаған батырлардың ерлігін,
Құрметпенен еске алады ел бүгін.
Тәуелсіздік туы бүгін желбіреп,

Гүлге оранды ауыл-аймақ, төр бүгін!

ФАРИЗА АҚЫН

Жерінде мынау қазақтың,
Өмірге келген бір ақын.
Ауылында Манаштың,
Келіпті сұлу қыз ақын.

Жасында зерек боп өсті,
Бүлдіршін сұлу жүректі.
Сұлу қызға беріпті,
Фариза деген есімді.

Жыр-дастан жазатын,
Сырлас болды өлеңмен,
Қолына қалам алатын,

Тебіренген көңілмен.
Тұңғыш өлең жинағы,
Баспасөздің бетінде.
Жарық көрді , танылып,

«Сандуғаш» деген атпенен.
Қызы боп туып қазақтың,
Ұстаз да болды, тәлімгер.
Еңбегі үшін еленген.

Өмірдің ащы шындығын,
Фариза ақын жырлады,
Әйелдің мұң-мұқтажын,
Жырлаудан әсте тынбады.

Қайталанбас дүние,
Поэзия – досы серігі,
Өлеңмен жанын жұбатты,
Жабырқау сәтте көңілі.

Қайтпас ,қайсар мінезі,
Ақкөңіл жан, ақ жүректі,
Фаризадай қыздарын.
Халқы көкке көтерді

Фариза қазақ ақыны,
Терең ойлы ойлары,
Тербелген сырлы ,толқынды,

Ақиқат ,өлең жолдары.

Журналист әрі жазушы,
Қаламгер, қазақ ақыны
Поэзиялық жанрдың.
Ол негізін салушы,

Көзден ұшып кетсе де,
Өшпес мәңгі іздері.
Өмірден ерте өтсе де,
Артында қалған сөздері.

Ақыны болып халықтың
Дүйім жұртқа танылды.
Бірі болдың әрқашан,
Туа біткен дарынның

Сыршыл, өлең ,жырларың,
Жадымызда сақталар.
Фаризадай ақын анасын,
Шәкіртің айтып, мақтанар!

КҮРЕСКЕН ҚАЗАҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДА

Тәуелсіздік оңайлықпен келмеді,
Қазақ әркез жеңісті қолдан бермеді.
Елі үшін,жері үшін ауыр жол кешкен
Ешқашан да үміт оты сөнбеді.

Қанша адам өмірін қиды біліп қой,
Өжет халық,батылдығын көріп қой.
Жанын берген нағыз батыр қазағым
Достыққа адал,сертіне де берік қой!

Сан ғасырлар бодан болдық жат елге,
Еліктедік кейде біздер шет елге.
Ата-баба қиын-қыстау кезеңде,
Білім көзін жайғастырып шың жерге.

Күрескен қазақ тәуелсіздік жолында,
«Қазақ» деп соққан жүрегі әркез қолында.
Сұм-сұрқия саясатқа берілмес,
Өр-көкірек қазақтарым барында.

Келешек үшін не істемеді десеңші,

Басын тікті қазақ үшін сенсеңші.
Енді қалай ұмытасың сен үшін,
Жанын қиған ардақтылар білсеңші.

«Оян қазақ», ұран тастап біздерге,
Рухтандырып айтылған ой, сөздерге.
Зиялы қауым, оттай жанып басылымдар,
Шоқтай басып, миллиондаған көздерге.

Қастерлейміз, есте мәңгі қалады,
Алтын әріппен есімдері тұрады.
Тарихтан өшпес ізгі мұрат жолдары,
Құрметтейміз, жүректен орын табады!

ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ

Табиғат қандай әсем, керемет неткен!
Сұлулығын көрген жан елең еткен,
Көкжиектен күн шығады бір сәтте,
Сәулесі түсіп, жарқырап, күн де жеткен.

Айдын көлі жалтылдайды көзің шалса,
Аққу құсы көлден ұшса, сәнмен қонса,
Мөлдір су шеңберленер, көл бетінде,
Қанатын сипап өтіп, жолын салса.

Таң қаламын қарап әрбір кездерін,
Табиғаттың мол сырын әлі кезбедім.
Себелеп ақ жаңбыр жауған соң
Кемпірқосақтың қайдан шығарын, сезбедім.

Бұл әдемі көріністі мен кейде,
Жүрмін әлі ойға ұқпай сол күйде.
Сезіміңді құбылтады қалай бұл?
Жақын сәтте, тіпті мейлі күнгедейде.

Бөлейтіні бар еді ғой сезімге,
Кейде сені үйретеді төзімге.
Түрлі әлем, сыр шертеді табиғат
Артынан ертіп, сен білмейтін тереңге.

Таза ауа, жұпар иісі аңқыған,
Бұлбұл үні, әуелетіп қалқыған.
Сайраған ән самал желмен әкетіп,
Тербеліп бір, табиғат жаны толқыған.

Тізбектеле жерге гүлдер басылып,
Гүлдер жайнап,күлтелерін асынып.
Хош иісі мұрынды жарып барады,
Таң сәріде бүршік жара ашылып.

Жасыл желек ну орманды қараса,
Қатарласа сән түзейді жараса.
Көп бөледі оттегіні өзінен
Өскен биік бір-бірімен таласа.

Найзағайы жарқ-жүрқ етіп кей кезде,
Қорқыныш сезім ұялар құла түзде.
Мені алып кете ме деп өзімен
Туындайды сұрақ,үрейленіп сен лезде.

Жаныңа қуат бергендей бір боласың,
Таңғажайып өзіңе әсер аласың.
Сырлы әлемге кіріп бара жатқандай
Бір құлазып,бір қуанып қаласың!

РЫСҚАЛИЕВ БЕЙБАРЫС ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ

АУЫЛЫМ

Ауылым, Алыстап барам жыл өткен сайын мен сенен.
Біз сәтке Қарадым Алыстан саған көзбенен.
Балалық шағым, Алаңсыз менің Қайда екен.
Келемін Ауылым Келемін сені іздеумен.

Сағындым Ауылды, бауырды, және дос жаран.
Зымырап уақыт өтіп барады таң қалам.
Уақыт дегенің өте береді Қарамай.

Ауылды ұмытпа Ауылға досым Бас қадам.

Ауылда өстім сондықтан қала жат маған.

Ауылда жүріп көп өлеңді жаттағам.

Өмірім Алғаш Ауылда менің басталды.

Ауылым менің жүректе мәңгі сақтаған.



СЕРІКОВА ӘДЕМІ БЕРІКҚЫЗЫ
Х.Досмұхамедұлы атындағы
Атырау университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімдерін даярлау» мамандығының
1 курс студенті.

ӨЗ ӨЛКЕМЕ АРНАУ

Атырауым, айдынды, шалқар өлкем,
Сұлулығың көз тартар айдай көркем,
Еліміздің мұнайлы астанасы
Мәңгілік көгершіндей бейбіт мекен.

Талай пендең қадірінді жүр ұқпай,
Жүрсендерші туған жерді ұлықтай,
Туған жердің құдіретін айтайын
Өз бетімше Фаризадай жалықпай.

Құрманғазы күйіменен қалықтай,
Махамбеттің рухыменен шарықтай,
Сар даламда сезінемін өзімді
Жайығымда ойнап жүрген балықтай.

Қымбат маған сенің әрбір балшығың,
Сол балшықта тұнған қара алтының,
Алатаудай аспанменен таласқан
Болмаса да биік көрінер қар-шыңың.

Сенде бар әр заманғы тарих өшпес,

Саған елім бірде-бір мекен жетпес,
Қүдіретіңнен айналдым, ғашық еткен
Мендегі бұл махаббат мәңгі сөнбес.

Болайыншы саған дара сәйгүлік,
Бабаларым рухыменен ән қылып,
Аламанда үздік озып бәрінен
Асқақтатам сені ғана мәңгілік!



ЖАСАР НҰРДАНБЕКҰЛЫ,
Көптілді білім беру факультеті,
Қазақ тілі және әдебиет мамандығы
4 курс студенті.

КЕШ ҰЛЫҢДЫ
(Абаймен сырласу)

Талантыңа тағзым еткен бар ғалам,
Қасиетіңе бас қояйын әз бабам.
Мұзбалақсыз күз басында түлежіп,
Туған елдің зеңгірінде самғаған.

Өлі ұйқыдан оянамын түндерде,
Нәлет айтып күйігі көп күндерге.
Жыр перісін кірлетпе деп киелі,
Аманаттап кеткен едің біздерге.

Соқтықпалы, соқпағы көп жолдарың,
Бәрін бастың тереңіне бойладың.
Ұйқысыз түн толассыз ой толғатып,
Ұйқыдағы жұрттың қамын ойладың.

Сізге қарай жетелейді сан арман,
Айдын едің аққулары таранған.
Сұлу шолпан сүмбілені ізедедің,
Бар қазақтың атса екен деп таң алдан.

Қырпуцлы сөз қыр аса алмай қыраулап,
Мұғжиза есім мұңға бесік мұнар бақ.
Ұлт намысын ойлайтұғын ұландар,
Өз намысын кетті бүгін ұрандап.

Қодар қиял, Тәкежандар қорынды,
Әулекі Әбен кері кесті жолыңды.
Оразбайлар орағытып қамшысын,
Шешіп алды алтын зерлі тоныңды.

Ақ лескиім нқсер тқгер ақша бұлт,
Ағыл-тегіл армандарын ақтарып.
Жемтемір жыл кемесіне отырып,
Келте ғұмыр кетіп едің аттанып.

Тас талқанын шығардың да мазақтың,
Дастарқанын нар алашқа тараттың.
Қазақ халқын бар әлемге танытып,
Ортасына қайттың қайта қазақтың.

Жетім көңіл, жырынды ой жыл өтті,
Ырысыңды ірің кеулеп ірепті.
Ел деп ғұмыр кешіретін ордаңнан,
Тербеп тұғыр, талай қыран түлепті.

Қоңыраулатып құлағымды жүр үнің,
Дуылға ғып думан топтың дүбірін.
Тұман басып, тұлпар елдің даласын,
Айдалада адасып жүр құлының.

Сансыратты санамызды мың сұрақ,
Қансыратты күшік ойлар қыңсылап.
Қалғып кетсем оятады ұйқымнан,
Шыңғыс тауы намысымды шымшылап.

Қасиетің қанда қалмай өзгерді,
Төле би жоқ жатқа сыйлап төрлерді.
Рухы өліп, ой санасы құлданған,
Кешіре көр, арманы әлсіз пендеңді!
Кешіріңдер...

ӘТТЕГЕН-АЙ...

Әттеген- ай...
Кім кінәлі екен?
Мөлдiр тамшы домаласа жанардан.
Мұнымды кім ұғады екен,

Менің кеудем қасiреттен тазарған.
Мұң мен нала тұншықтырып демiмдi,
Өкiнiшпен өлiп кеттi сан арман.
Сайтан түртiп ойнағанмен сезiмдi,

Ешкiм қашып құтылмайды ажалдан.
Ит тiрлiк деп өкпе артқан өлiктер,
Итаяғың ұмытылды санаңнан.
Бұл жалғанда тек адамдар кейiпкер,

Одан артық әртiстердi таба алман.
Шапағатты ойламайтын жандардың,
Махаббат деп талай шашы ағарған.
Әттең-әттең мен соларға қайранмын,

Оған кiнә iздемейiк заманнан.
Ақиқатты бiлгендер,
Шындық үшiн күйгендер.
Сүймегендер сүйгендер,

Бәрi бәрi өмiр атты киноның,
Сериалын қызықтап,
Рөлiн сомдап жүргендер.
Қадалғаннан қан алған,

ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА

Талай жерге көңiл үшiн бара алғам.
Әрбiр адам өмiр сүру үшiнде,
Актёр болып жаралған...
Қарлығаш ұя салғанда

Қарлығаш ғұмыр тәттi арман,
Қол бұлғап өткен шақтардан.
Кездесу, сүйу, қоштасу,
Көктемде бәрi басталған .

Гүл көктем келiп бар маңға,
Орманға тоғай талдарға .

Келем деп кетіп едіңғой ?!
Қарлығаш ұя салғанда .

Сен менен жырақ кеткелі,
Қаншама көктем өтпеді ?!
Келем деп кеткен сол бейнең,
Санамнан әлі өшпеді .

Дертімнің тапсам бір емін,
Қайғы - мұң сыйлар білемін.
Сертіңнің жалған екенін,
Сезеді құрғыр жүрегім .

Сен жайлы ойлар меңдетсе,
Мен сыймай кетем жер көкке.
Бақпен - сор егіз дүние - ай,
Бәріде кеткен келмеске.
Сезімдер неге тоналды,
Сенімдер қайда жоғалды.
Тағы бір көктем кінәсіз,
Қарлығаш қайтып оралды.

Баянсыз мына жалғанда,
Арманда жаным таңданба.
Келем деп кетіп едіңғой,
Қарлығаш ұя салғанда...

БАТҚАН КҮНГЕ ҚАЙҒЫРЫП ЖЫЛАМАҢДАР

Қойдай қоңыр момақан халық едік,
Көшке ілеспей қозылар қап барады.
Ынтымақтың ордасын салып едік,
Шағылсын күндестіктің тас қамалы .

Жалқауларды тірлікке бастырмастан,
Сездірмей сайтан сенім жасқанады.
Аңқаулардың адымын аштырмастан ,
Соны аңдып отырады қас қабағы.

Адамның жұдырықтай жүрегі ғой,
Көп істер көкейінде сақталады.
Тарихыңды тас қана біледі ғой,
Ертеңгі ұрпақ көзінен жас тамады.

Ұмытса егер өз тілін өсер ұрпақ,
Өзгеріп кетугеде шақ қалады.
Кеңпейілсіз күніңнің кеселін тап,
Әр адам өз өзінен сақталады.

Қысқарып киімдер тарылған соң,
Ар ұят табанында тапталады.
Түнде адасып күндізінде табылған соң,
Мұң шағып мөлтілдейді жас жанары.

Неге бұлай жаздың деп сұрамаңдар,
Көз жасыммен дәлдедім тас қаланы.
Батқан күнге қайғырып жыламаңдар,
Бәріде атар таңнан басталады.

Ақындығым жартастарда жаңғырып
Ауылымнан алыстатқан күндерде,
Көп істерге куәгер боп қалады.
Атар таңды аңсай тұғын түндерде,

Сан уайым өмір сүрді санада.
Біздің жастар сезімінен тоналса,
Ар-ұяттың суығына тоңбай ма?
Адамзаттық әлемінен жоғалса ,

Ата-анасын ойлап көрсе болмай ма!?
Ұнатуды түсінетін кезің жоқ ,
Ол балалық махаббаттың ақ таңы.
Бізде сезім болғаны мен сенім жоқ ,

Ойлап көрсең өкініштің қақпаны.
Барлық адам баянды өмір сүргенмен,
Сол сұрақтар жүрегімді тілгілеп.
Қадам басып хабарласып жүргенмен,

Кебін киген өлік шығар кім білед(і).
Әкешімде көкейіме оралад(ы),
Мал түгендеп кетуші еді іңірде.
Анам менің қозы лақты қоралап,

Мені ойлап жүрген шығар бүгінде.
Алдарынан атса екен таң гүлі,
Жандар азба қате қадам баспаған.
Ақындығым жартастарда жаңғырып,
Мен ауылдың баласымын мақтанам !

ЖАЛҒЫЗСЫРАУ...

Жалғызсырау...

Бейне мұңлы күй кешу,
Жылт еткен жылулықпен тілдесу.
Қияларға қанат қағып қияға,
Ақ бозатты перішеге мінгесу.

Жалғызсырау...

Өз-өзіңмен сырласу,
Жүрек жарды тілегінді тыңдату.
Өз тағдырың өз қолыңда екен деп,
Таңынды ойлап ұйқыңды да ұрлату.

Жалғызсырау...

Шын сырынды сезіну,
Тәтті өмірдің таңдарына кезігу.
Түн баласы саған үнсіз тіл қатып,
Сан сұрақтың жетегінде көз ілу.

Жалғызсырау...

Бейне сұрақ ойларға,
Қадам басу сан тараулы жолдарға.
Қақпан көрсең айдаладан қашасың,
Құлшынасың өз басыңды қорғауға.

Жалғызсырау...

Түңіліксіз баспана,
Сенің бағың бұйырмайды басқаға.
Жылап жүріп бәрінеде көнесің,
Жүрегіңе қанжар қадап жатсада.

Жалғызсырау...

Дәл осындай азап мұң,
Тағдырыңды ит тірлікке талаттың.
Сенің бабаң бөрі ғұмыр кешкен жан,
Майданында өліп кетпе мазақтың.

ҚАЛҚАТАЙ

Қалқатай,
Есіңдеме?
Біз кездескен сол күндер .
Сол жылдармен,
Сол айлар.
Сол түндермен,
Тек қызығы мол күндер.
Мөлдіреген көзіңнің,
Жанарынан шексіз бақыт сезіндім.
Тіл байланып қалған сол бір сағатта,
Мен жеңілдім
Пәктігінен мөлдір тұнық сезімнің,
Жетегінде көз ілдім.
Қайта айналып келер көктем,
Келер құстар
Бірақта!
Келмес өткен,
Атса дағы таң күліп,
Өйткені ол жазылмаған заңдылық.
Махаббат ұлы талғам,
Сыр ұқтың ба?!
Кездесер үміт алдан,
Мөп-мөлдір тұнық мұңға.
Мен ол күнді ұмыта алман,
Сен сол күнді ұмыттың ба ?!
Қалқатай!...

МЕН КЕЛЕМІН...

Мен келемін тағдырдың тың жолында,
Домбырам бар көтерген бір қолымда.
Өнер сүйіп өмірде өтсе екем деп ,
Сапар шегіп келемін жыр жолында.

Жыр жолым ұлы қадам арлы қадам,
Тентек азба ізімді аңдымаған.
Ел міндетін еріне жазса тағдыр ,
Тілім барда мен тірі бармын аман.

Мен келемін алдағы таңымды ойлап,
Құз басында жүргендей жанымды ойлап.
Жанарымнан жас парлап тұрсадағы,
Жүректегі бір тамшы қанымды ойлап.

Мен келемін ойланып мен келемін,
Бұл өмірге не үшін келген едім.
Бұл күндерім тек көрген түс секілді,
Соны ойласам қиялдан сенделемін.
Сенделгесін жыр жазып мен келемін.

МЕН КҮТІП ЖҮРМІН!

Ойланасың табиғаттың таңына,
Мен жүруші ем көктемдерді сағына.
Сілберетіп жаңбырларын алғашқы,
Нұрлы көктем келді асығып ауылға.

Мен білемін барлығыңда текті едің,
Сол тегімді жоғалтайын деп пе едің.
Жастық шағым гүл көктемнің бүршігі,
Босқа өтті қаншалаған көктемнің?!

Жаңбыр әлі жауып жатыр себелеп,
Мөлдір тамшы ой салмаса не керек?
Дүн дүниені тірлігіне бастаған,
Мен жаңбырдан қуат алам керемет.

Көктеміме мен қуанам жаңбырлы,
Қанша ұрпақ сол көктемнен сән құрды.
Гүл көктемнен тірлігімді бастап-ақ,
Талпынамын жеңу үшін тағдырды.

Мен несіне қиындықтан сескенем,
Жанарымнан жастық оты өшпеген.
Ақ жаңбырсыз қурағандар қаншама?
Тағдырын білмес топастарды жек көрем!

Ұрпағы едік түбі түрік текті елдің ,
Қадірі қашқан кей жастарға кектендім.
Сол жастарды тірлігіне бастайтын,
Мен күтіп жүрмін жаңбырларын көктемнің!

МҰҢ.

Сен кеткенде бақыты боп басқаның,
Білесің бе жүрек жылап қайғырдым.
Қош махаббат сенім ұта бастадым,
Еншісіне аманаттап сан жылдың.

Тағдырыңды кінәләма қашанда,
Мен кездескен жолаушымын адасқан.
Осы жолғы оралмайтын сапарда,
Мүмкін әлі кездестіретін жаратқан!

Күзгі дала қаздар қайтып барады,
Сенде кеттің жыл құсына ілесіп.
Сезесің бе менің жаным жаралы!?
Аққу ұшқан айдындарды күзетіп.

Өкінгенмен өткен күндер оралмас,
Менде кетем саған бақыт сыйлаймын.
Екеумізді кездестірген ең алғаш,
Туған жерді қимаймын...

КЕЗДЕСПЕЙ ЖҮРГЕН БІР БЕЙНЕ

Армандар қандай аңсатқан мені,
Жетелеп ылғи өзіңе.
Жүрегімді мұң шаршатқан ба еді?!
Елестей бердің көзіме.

Жалғандар қандай аңсатқан сені,
Жүрсің бе қарғам сезіне.
Таусылып тынар ғашықтық демі,
Махаббат деген тегіне!

Білмеймін рас таңдарым қандай,
Адасып кетіп барам ба?!
Сыңғырлы күлкің қылығың балдай,
Бәрі де бәрі санамда.

Бұрымды бейнең арайлы таңдай,
Кездесе алмай қалам ба?!
Сезбейсің бірақ сезіндіре алмай,
Жас іркіп жүрмін жанарға.

Сыйласын Алла бақыттың таңын,
Бұйырсын айлы кештерін.
Аңсаған аппақ арайлы бағым,
Сағыныш болып жеткенің.

Сыбызғы үнің сыңғырлы әнің,
Балауса балғын көктемің .
Білсемде қарғам бақытың барын ,
Қасыңнан ұзап кетпедім.

Баянды өмірден алыстап барам,
Шүкір деп осы күндерге.
Сыбырлап жүрем мәңгілік саған ,
Қараңғы түнек түндерде.

Арманы асқақ алтындай бағаң ,
Ғашықтығымды білген бе?!
Кешігіп неге жолықтың маған,
Кездеспей жүрген бір бейне!

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ

Даланың заңын аң менен құсқа тапсырып,
Бабаның заңын барды ұрпақ жатсынып.
Жүректе сыздап жараның аузы іріңдеп,
Арсыз да болдық ауруымыз асқынып.

Тұлпары тулап апшысын жердің қуырған,
Сұңқарлар самғап, азығын тапқан қиырдан.
Қаныңа сіңген қазақтың рухы жаңғырсын,
Тәңірден бізге тәтті сый болып бұйырған.

Қасқырлар жортқан қарлы шыңдардың басында,
Қасиет болар теңгесіз мәңгі асылға.
Ұрпаққа сенер ұлтыңның рухы болмаса,
Басқа тірлікке тізерлеп қараған бас ұрма.

Кешегі бабаң қалдырып кеткен мұрасын,
Бүгінгі ұрпақ, шыңдарға алып шығатын.
Салтыңды сақтап ала жібінді аттамай,
Жүргенде ғана заманның сырын ұғасың.

Пейілің қайда кең байтақ мынау далаңдай,
Мейірім қайда жүреміз ғой жылу таба алмай.

Ақылшың қайда адасып кетсең жол сілтер,
Қамқорың қайда әкешің мен анаңдай.

Кигіз үй мәңгі құрылғандай қазақтың,
Арылған емес бір басымыздан азап, мұң.
Туырлық, үзік, түндігің қалды жылтырып,
Шаңырақ уық керегенді де талаттың.

Қамшысы қайда кешегі өткен атаңның,
Ұршығы қайда ақ кимешекті апамның.
Жалғанда мынау тек жолаушымыз адасқан,
Ех, өмір дейтін оралмас мәңгі сапардың.

Рухани сезім жаңғыру үшін сананда,
Тек ұлттық рух керекқой барлық адамға.
Білім мен ғылым, тәрбие керек сол үшін,
Қазақ боп мәңгі қалуың үшін ғаламда.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Қасиеті өсірген бала күннің,
Бабадан қалған байтақ даламыздың.
Ұлтымның ұл-қызына сеніп өтем,
Ақ бесігі тербеткен анамыздың.

Бақытының арылмай бағы құстан,
Бар өмірін арманның таңы құшқан.
Алты Алашым сенетін жастарыңның,
Пәк жүрегін қайтейін алып ұшқан.

Мен жастарға сенемін, сеніп келгем,
Ұлт таңына ұрпақтар көрік берген.
Жүрегінде жылу жоқ, махаббат жоқ,
Тек қорқам кебін киген өліктерден.

Жеңемін деп табысқа желпінуі,
Кемеліне таңдарды келтіруі,
Көкжал ғұмыр күзеткен көк жотада,
Көк бөрінің көзашқан бөлтірігі.

Өмір дейтін бекетте аялдайтын,
Тірлігімен күресіп аянбайтын.
Ұлтының ертеңі үшін өмір сүріп,
Ұрпақтың тағдырынан алаңдайтын.

Тірліктің талпынысты таңындасың,
Бал-бақыттың базарлы бағындасың.
Ұлттың рухы өлмейді жастар барда,
Бізді Алла берекеден айырмасын.

Ақиқатты меңгерсе арға балап,
Бақ тілер байрақты өлке заңғара абақ.
Туған елдің тұғырын қастерлейтін,
Мен жастарға сенемін, алға қазақ.!

МЕН АДАСҚАН ҚҰЛЫНЫҢМЫН ТУҒАН ЕЛ

Мен адасқан құлыныңмын туған ел,
Менің қайда жүргенімді кім білсін.
Кіндік кесіп кір қолымды жуған ел,
Құлындарың тұлпар болып үлгерсің.

Мен адасқан балапанмын қиырда,
Шыңдарыңнан түлегенмін ауылдың.
Маған жайсаң түлкі тірлік бұйырма,
Арасында жүрсем болды дауылдың.

Мен адасқан көгілдірмін көлдегі,
Аққулардың мекендерін аңсаймын.
Жыл құстары тырауласа көгімде,
Махаббатсыз тірлігімнен шаршаймын.

Мен адасқан ботаң едім боздаған,
Бозымгеннің үйірінен бөліндім.
Жүріп келем жер ұйығы шөл далам,
Арасында өлім менен өмірдің.

Мен адасқан әуенімін халқымның,
Қорқыт шерткен қобызыңның үнімін.
Ұмытылмасын тілер едім салтымның,
Домбырада күмбірлеген күйінің.

Мен адасқан бөлтірігің апанда,
Бөрі ғұмыр маған бақ боп бұйырдың.
Тас түбінде айға қарап жатамда,
Өлі күнде тауға қарап ұлимын.
Кеш мені

Бөрі ғұмыр бөлтірігі шулаған,

Жұртта қалған күнімді ойлап жыр жазам.
Тағдырымның заңы солай болар-ау,
Туған жердің топырағын қимаған.

Қайраң Шақпы, қайран қазақ даласы,
Қара лашық қайсар елдің панасы.
Сенен көшіп кеткен елдің барлығы,
Сені аңсап жылап жүрғой қарашы.

О, құдірет сағынышқа таңылған,
Аңдар өріп құстар шулар тауыңнан.
Қиыр жайлап жұртты тастап кеткенде,
Сорым қалың болған шығар бағымнан.

Бірақ кешір балмынғой ол кезде,
Шексіз бақыт кетпесе екен шерменде.
Асау толқын өзеніңдей арқырап,
Жүрегім боп дүрсілдейсің кеудемде.

Жырғалаң бар саршоқының басында,
Жасыл көлің Таңбалының қасында.
Көк текшемен, көк шоқының таңдары,
Көшін жалғап қалар мәңгі ғасырға.

Қарашоқы талдыбұлақ мекенім,
Сен үйреттің сұм тағдырдың жетегін.
Тұғырыңнан түлеп ұшқан балапан,
Сезіндің бе шалғай ұшып кетерін.

Шыңдарыңды көзім жетіп көре алмай,
Қозы баққан күндеріме сене алмай.
Қызық күннің бәрі өтіп кетіпті ау,
Қыр гүлімді бір аруға бере алмай.

Қайран далам қатпар таулар күрсінбе,
Қадірсіз ел қадіріңді білсін бе.
Қазыналы қарттарыңнан айрылып,
Қалғандардан қайыр күтіп жүрсінбе?!

Текті ұяның құзырын жау жайлаған,
Тек қиялым сағыныш боп самғаған.
Тағдырсыздар мазаңды алса кеш мені,
Таңжарықтың басы жатқан бай далам.

КЕШІР

Көктемнің жаңбыры,
Өткеннің өшпейтін қалдығы.
Жүрегің жасырып қалса да жанардан,
Мөлтілдеп таматын моншақтың барлығы.

Мөп-мөлдір тамшылар,
Мені ойлап тағатың таусылар.
Кіршіксіз сезімде кінәсіз болмайды,
Айтып ал айтарың бар шығар.

Жыл құсы келмеді,
Бақытсыз жандарды көрмеді.
Күзде олар кеткенде қол бұлғап қалғанбыз,
Жаралы жандар деп аяды пендені.

Қүсекеш құстар да,
Сыңарын ойлайды ұшқанда.
Қолдасып үлгермей қоштасқан біздерден,
Оларда бір хабар ұққан ба?.

Бәрі де өзгерді,
Қалайша жүрегің сезбейді.
Сол үшін екеуміз бір жүрген далаға,
Жаңбырда жаумайды, құстар да келмейді.
Кешір...

СЕРТ

Бүгін біздің қалада боран болды,
Өкінішім ұйтқып оралды енді.
Қанағатсыз адамдар ебін табар,
Қанаты бар құстарға обал болды.

Жанашырын жақындар қорғағанда,
Қарашығын мөлдір жас торлағанда.
Бағы жанған қай адам айтқан екен?,
«Сойыл бұрын тиеді»-деп сорлы адамға.

Я, бүгін өзіңді кездестірдім,
Жаралаған жаныңды емдеп тұрмын.
«Махаббатсыз дүние бос» - деген ғой,
Мазасын алмаңдаршы енді ешкімнің.

Сен екеуміз сыймаймыз бір қалаға,
Сенсіз де күн кешемін бұл далада.
Сен бақытты боларсың сүйгеніңмен,
Қосылмаған ғашықтар біз ғана ма?.

Сен жылама сезімнің пернесі едің,
Бақытыңның бесігін тербетейін.
Жыл құстары келгенде бізді аңсап,
Бұл қаладан сен үшін мен кетейін.

БІЗ БӘЛКІМ...

Жаңбырлы көктемнің моншағы үзілмей,
Тәңірден бір медет сұрайды.
Дәл осы фотоны жүрегі дірілдей,
Құшақтап бір ару жылайды.

Кездесе алмаймыз кешірші мұңлы ару,
Кесірім тимесін сізге енді.
Кездеспей кетуге жазғанба қызғану,
Кешігіп жолыққан біздерді.

Дәл сендей мұңы бар ару жоқ бұл маңда,
Жаралған жан едің бейіштен.
Біз бәрін білгесін құшақтап тұрғанда,
Қоштасып кетпедік неліктен.

Сен сұлу болғасын сиқырлы күшінде,
От болып өртеніп жанармыз.
Егіліп жылаған көз жасың үшін де,
Біз бәлкім кездесіп қалармыз.



АБАЕВА АҚТІЛЕК АБАЙҚЫЗЫ
Гуманитарлық ғылымдар және
Өнер факультеті. Журналистика
мамандығының 3 курс студенті

МЕН ҚАЗАҚПЫН!

Мен қазақпын ұрпағы Көк Түріктің,
Тамшысы бар бойымда тектіліктің.
Ұлықтаған өрлігін ұлылардың,
Ұмытпаған дәстүрін ескіліктің.

Мен қазақпын халықтың бағын ойлап,
Ұрандатқам ұрыста Абылайлап.
Абай сынды алыптан тарағанмын,
Кететұғын жыр десе жаны жайнап.

Мен қазақпын мейірбан жанға құмар,
Жүректерін тек ізгі жандар ұғар.
Бойларында жаудан да қаймықпайтын,
Әлия мен Мәншүктің қандары бар.

Мен қазақпын жүректе ар – иманын
Таза ұстаған, сол жайлы сан ойладым.
Намысы бар кеудемде және сосын
Мінезі бар өршілдік Фаризаның.

Мен қазақпын бәріне бауырмалмын,
Досты сатсам, Тәңірім, жанымды алғын.

Жанымдағы жандардың амандығын,
Тілеуменен бастаймын таңымды әр күн.

Мен қазапын бір сырлы, сегіз қырлы,
Ән – күйменен жүрегім егіз сынды.
Сайрандаған сал – сері тұқымымын,
Жайраңдаған айналам тегіс нұрлы.

Мен қазақпын Алаштың айбынымын,
Жақындатқан көктегі Айды бүгін.
Кірбің салмай халықтың көңіліне,
Айналдырар шаттыққа қайғы – мұңын.

Мен қазақпын, қыздарын жылатпаған,
Жөн – жосықсыз өзгеге кінә артпаған.
Жақсылыққа әрдайым үйір болып,
Жақсылардан бір қадам жырақтаман.

Мен қазақпын қариясын құрметтеген,
Ақ жаулығын анамның кірлетпеген.
Іштен шыққан жауымды қарғап – сілеп,
Күшпен жығып жатпаймын күндеп те мен.

Мен қазақпын сүйенер Жаратқаны,
Жүзін бұрып Құбылаға қаратқаны.
Құлшылық қып жалықпай әр түн сайын,
Құлшылықпен ататын әр ақ таңы.

Мен қазақпын досқа адал қасымдағы,
Менің сенген достарым асыл бәрі.
Мен қазақпын барымды аялаған,
Місе тұтқан бағымды басымдағы.

Мен қазапын, өлгем жоқ! Қайта келдім,
Иесімін осынау байтақ елдің.
Киесімін ән – күй мен өлең – жырдың,
Айта бергім келеді, айта бергім...

ТІЛІМ МЕНІҢ!

Тілім менің!

Тарихыңа толғанып тірілемін.

Сенің рухың ол менің ар намысым,

Тірлігімсің! Нұрыңнан түңілмедім!

Ақтаңдағым!

Шаттығымсың шарпыған жаққан жалын.

Сендегі бар нәрліні бойыма ап,

Ардақталған аяулы атқан бағым!

Бақ тұмарым!

Сен арқылы ұлымын ұқтым бәрін.

Сен ғасырдың үнісің. Перзентің боп

Сөнбеуі үшін сәулеңнің тік тұрамын!

Дүбірімсің!

Рақымыңды төккенсің күнім үшін!

Тіршілікпен тоқтаусыз тілдесемін,

Сайрап жүрген сазымды сақтау үшін!

Қуат күшім!

Ұлылықты сен үшін ұнаттым шын.

Құйқылжыған күйімнің қайнары едің,

Тұғырыма тінім сен тұрақтысың!

Сақтарымсың!

Шұғылалы күнімнің шақтарысың.

Жайымды ұғар жырыммен жарқылдаған,

Таңдайыма төселген жаухарымсың!

Дауылыңда,

Қасиетіңнен құқым жоқ жалығуға.

Қадірлім-ау, жанымды қияр едім,

Мәңгілік боп мәңгіге қалуыңа.

МӘҢГІЛІК ЕЛ – МҰРАТЫМ!

Қазақ десе дархандығын танитын,
Тамырыма тағылымы даритын.
Керей хан мен Жәнібегім өткерген
Ғасырларға толды менің тарихым.

Тәуелсізбіз, бәрі дерлік өзгерді,
Тәуелсіз боп мойындаттық өзге елді.
Елім – айлап еңіреген жұртымның,
Еңсесін бек көтеретін кез келді.

Ана жылап, әке жүрек сыздады,
Шындық үшін шырылдады қыздары,
Шындық үшін жығылмады ұлдары,
Естен кетпес желтоқсанның ызғары.

Қайрат кетті құрбандық деп өз жанын,
Ербол кетті сақтап өкпе-сыздарын.
Жоқтайды ана он екіде бір гүлі,
Ашылмастан қыршын кеткен қыздарын.

Орындалып әз арманы Алаштың,
Тәуелсіздік ... жаңа парақ тағы аштым.
Талай елмен тереземіз тең болып,
Талай елмен тату болып жарастым.

Қасиетіне қанық едім халқымның
Жақсылардың жалынына талпындым.
Дүлділдердің дүбіріне ілескен,
Алты Алаштың аспанына жарқылмын!

Төгілетін талайларға ән жырмын
Болашақ пен өткенімде тағдырым
Көкірегімде ақ раушаным бүр жарып,
Мәңгілік боп қала берем.. мәңгімін!

РӘМІЗДЕР МАҚТАНЫШЫМ!

Тектімін тәңір тілдесіп түнмен,
Жырлайды қалам қауырсын.
Иіліп бәрін рух берген үнмен,
О, ұлы бақыт армысың?!

Өз әуен көкте бұлттармен үндес
Шарпыған шақта шаттанам.
Кеудемнен қолым арылмақ емес
Жүрегім дүрсіл қаққаннан.

Ұраным менің ұрпағың едім.
Сайраған еркін сандығым.
Тәнті етер сонау тарихқа демім
Тоғысып жатыр тағдырым.

Құдіретті әуен көңіл шөліне
Кәусары сенсің бұлақтың.
Жеңісті сәтте естілсең демде,
Бақыттың жасын құлаттым.

Дүбірлі іздерге еміренемін
Өзіңмен ұлтты сүйем мен!
Көкбөрің болып ұлыған едім,
Жырың боп елге төгілем.

Төсінде тарих төгілген сайын
Еркелейтіндей ен далам.
Дүр сілкіндіретін еркіме дайын
Еншімде менің Елтаңбам.

Шапағы күннің уық деп білем
Жұлдызым - тәжім, тілегім.
Шаңырақ - шаһар шарапат төгер
Таңбада менің жүрегім.

Кеңістік, уақыт ұштасқан екен
Қанатты тұлпар тұсында.
Салтына берік ұлтты асқақ көрем.
Намысым найза ұшында.

Оюланғанда ертеңім ойлы
Қырандай қанат сермедім.
Жалыны баурап алатын бойды.
Ғажап қой туды көргенім.

Атым да, затым ұрпаққа ұран.
Үш жауһарыммен жырымды ұштадым
Алаштың ары сақталып тұрған
Мәңгілік менің мақтаныштарым!

ТУҒАН ЖЕР

Ей киелі топырақ
Сенен бөлек тынысым, тіршілігім жоқ менің.
Маған қымбат сендегі күзім, жазым, көктемім.
Сенде менің жұмағым, сенсің менің тұмарым
Сенде менің жыр -әнім сол арқылы көктедім.

Көңілімде жып-жылы естелік бар жатқа арман
Парағымда жырым бар өзіңе деп сақталған.
Алақанда аяулы анашымның жаулығы
Туған жердің сарқыты ол жүрегіме қапталған.

Сенде өскен перзенттің арманы жоқ расында.
Құндылық қой сондықтан өзен,көлің, тасың да
Саған төнген ақ жауын Тәңірімнің нұры еді
Шұғыласын шашқан күн өрілетін шашымда.

Ей, далам-ай, дарыным
Даралығың көрінді дүниеге, таңыма
Саған басын иеді ұл мен қызың, қауымда
Мен құштармын өзіңе теңдесі жоқ тұғырым
Сен куәсің кәдімгі балалығым, бағыма.

Бөлек ойды тербедім түнді күтіп сен жайлы
Сен деп жазған өлеңдер әпереді сырлы айды.
Айналайын туған жер «Қанішкен» деп сөкседе ел
Маған ұлы мекенсің жат көруге болмайды!

Тағдырымсың! О,тоба-ай
Дүниені дәл сендей, сендей кең деп жүріппін
Үзілерін үміттің шіркін кімнен біліппін.
Саған аппақ тілегім, саған ынтық өр кеудем
Сағынышым өлең боп осылайша өрбіттім.
Қабыл ал!

* * * * *

63. Пенде ғұмырдың пердесін түріп.
Адал реңдердің іргесін сөгіп.
Жазымьш күнді жазғырып дәйім.
Келеміз ішке ызаны бүгіп.
Бес күнді мынау өтпестей көріп!

Дегенге десті бермейміз мүлде.
Бағыты дұрыс ермейміз сөзге.
Көңілдің көзін аша да алмаймыз.
Заманның салты талпыну төрге
Дейміз де дертті құшамыз өңге!

Ар намыс бойдан жоғалмасын деп.
Терілген бағым тоналмасын деп.
Шырмалған ойлар шарпымау үшін.
Тұлғамды тұнық тұмарладым кеп.
Маңғаз тірліктен мұнарландым тек!

Келеді кеудем жұта алмай жалын.
Сатқындықтардан жүдеген жаным.
Бір бірімізді қадірлейікші
Өлшеулі күнде уақытта сағым.
Білмейміз де ғой ертеңнің барын!

АҚЫНДЫҚТЫҢ БАР МА ЕКЕН КЕНІ МЕНДЕ?!

Адамды адам бағалар танып ішін.
Жырласам ғой тер төгіп халық үшін.
Көтерермін тағдырдың тауқыметін
Жан бұлбұлы сайраған сағынышым.

Тірлігімнің тынысын тыңдайды өлең
Жалған өмір талқысын сындай көрем.
Бойымдағы өнерім бар қаруым
Жақсылыққа жаратып шыңдай берем.

Ән жырымның сары уыз балапанын
Бал бөбектей аялар алақаным.
Қатайған соң қанаты ұшырамын
Өнер жолын өмірден қалағаным.

Күнделікті аз емес сабылысым
Жамандарды басады әлі мысым.
Әнім, жырым, тақ-тәжім, абыройым
Қонған өнер менің де бағым үшін.

Бір әуен тербетілсе әсем саздай
Көңілім жадырамас өлең жазбай.
Екінші тынысымсың ән мен жырым
Өмірден сенсіз алар есемде аздай.

Өмірдің шырынымен кермектігін
Бейнелеп нақыштаймын өрнек гүлін.
Жыр – теңіз терең-ау деп қарамастан
Жүземін құлашымды сермеп бүгін.

Жыр ана бас ием құдіретіңе
Бөлендің қазағымның құрметіне.
Өнердің қызуы мен сәулесінен
Шашып алау қонады нұр бетіме.

Сұлу өлең шыңдағы шынарлардай.
Ғашық болып келемін құмар қанбай.
Іңкәрлікпен үмітпен ұмтыламын
Жырдан тағар кеудемде тұмар бардай.

Сусындаса көңілім жыр бұлақтан
Ақтарады сәулесін сырғып аққан.
Нұрдан інжу түзілсе жүрегімде
Шатпын хабар жеткендей бір мұраттан.

Қара өлең қасиетіңнен айналайын
Туыңды желбіретіп қолға алайын
Өлең жыр, сайлау арман саусағына
Сезімнің нұрыменен толғанайын.

Ақындықтың бар ма екен кені менде?!
Сел болып жыр жанымнан төгілер ме.
Бағыштаған еліме өлең жырым
Туған жерге дәндейін себілер ме!

БАЛАЛЫҚ

Өмірдің батпай кермегі.
Ісімде ізгі шалалық.
Қош айттым саған мендегі,
Алдамшы аңғал балалық!

Бағалап "досым" дегенді.
Бөлінбеуші едік дара боп.
Қош айттым саған мендегі,
Құшақшыл, кексіз балалық!

Қолымнан қайғы келмеді.
Сарқылып қалған сараңдық.
Қош айттым саған мендегі,
Бөліскіш жомарт балалық!

Көңілге алмай әр нені
Жаныма жұқпас жамандық.
Қош айттым саған мендегі,
Алдаусыз албырт балалық!

Киімім ғана кірлейді.
Тап-таза болған санам лық.
Қош айттым саған мендегі,
Бейкүнә болмыс балалық!

Мезгілді бөлмей күндегі.
Жаныма түспей қаралық.
Қош айттым саған мендегі,
Балауса балғын балалық!

Санайда алмай теңгені
Ұғынбай өткен қаралдық.
Қош айттым саған мендегі,
Қым-қуат қамсыз балалық!

Дәйексіз болсын дерегі.
Жанымда жоқ-ты жалалық.
Қош айттым саған мендегі,
Қадірі қалған балалық!

Келсе де мейлі кедергі
Тым алшақ еді алалық.
Қош айттым саған мендегі,
Мөлдір ғұмырлы балалық!

* * * *

Жеткізбей жүрген жанымды арбап,
Жұтаңы толы жолдарды қайтем?

Үрей де үрпек жүргенде алдап
Сарсаңы бітпес сындарды қайтем?

Тұтатпай тағдыр үмітті жалғап
Адасқан мұңды айдаусыз қайтем?

Бағыты әлі беймәлім болған.
Көңілде жүрген қырауды қайтем?

Қасірет қонбай алыстан өтсе
Беймезгіл құрдан жылауды қайтем?

Сенуден қалған секем көңілдің
Айтатын маған "бұл-ау"ын қайтем?

Бағың тайғанда безіп кететін.
Құрбыға өлең құрауды қайтем?

Үрлеген сайын өше түсетін.
Тірлігім мәңгі тынады-ау білем!

ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВКЕ

Даланың самалы кеп ескенінде
Рухыңның сезем, ата, тірі екенін.
Топырақ сол самалмен көшкенінде
Шағылдар жоқтап жатыр Жұмекенін.

«Ол ақын жұмбақ қой» деп қоймады елің
Жүргендей бір жұлызын сөндіре алмай.
Жұмбақсыз ұлы ақыным өзің дедім
Таусылдым, сол шындыққа сендіре алмай.

Өр өлеңнің өрнегін аршып алып.
Мен келдім өзің туған топырақтан.
Туған жер тосып жатыр тылсым жанын.
Алыбым, қайтпаймысыз сол жырақтан.

Кеткендей тіршіліктің семіп мәні.
Тірліктің тарауына төнді ой қандай?
Жырыңды жастанады жұртың әлі
Ақынның жоқтығына көндігіе алмай.

Ныспыңа иілді елің аңғарғаным
Беу, ата, Ашақ жатыр адалдықпен.
Жетім жырды Жайыққа сан жалғадым
Сенсіз қоғам секілді маған бөтен.

* * *

Шапағы тараптың сөнбеуін тіледім
Құны жоқ күндердің есебін білемін.
Жанына жақсылық жұқпайтын жақындар
Жасанды жасынмен жүр әлі білемін.

Иә!

Несіне жағынам, сарсаңмен сабылып
Мен ылғи қаламын шаттықтан қағылып.
Тірлікті күндегі жаныма медет ғып
Жүремін мықтының тұмарын тағынып.

Тағдыр ма? Өмір ме? Уақыт па тұрпайы?
Бір байғұс айға ылғи өз әнін шырқайды.
Жанары жалғанның жасанды жасынан
Таусылған сондықтан тек әні сырқайды.

Барлығы.. бәрі де өзінше өтер деп
Сертіне сол кейпі адал боп өтер ед.
Бақытын ұрлатқан, тоналған мұңдарға
Өткен күн есесін өлеңмен өтемек.

Сезімі сырлы айдың жүзіне жетсе екен
Түбінде тағдыры талқысыз өтсе екен.
Сыйын ап ғаламның, сыры боп адамның
Бейуақта бақытын, бақытын өпсе екен.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВҚА

Текті өлеңдер ақынды ұялтпаған
Маңғаз тірлік есімді жинатпаған.
Мұңдарымды музаға жиі ақтарып
Мен өзіңмен тағдыас сиятанам.

Сияқтанам тағдылас өзіңменен
Қаам ұшы мұң бірақ жүзім өлең
Қара бауыр қоғамның сырқатына
Таусылмады сіздегі төзім неден?

Езгісіне елінің ерек шыдар
Бас иеді кейін де демек шыңдар.
Бәлкім, ақын өлеңі өлмеуі үшін
Өзі ертерек өтуі керек шығар.

Бас иілсе адалдық иілетін
Жырмен ғана жазымыш сейілетін
Мұзбалақтың жырында бар құдірет
Тағдырластар жығылса сүйенетін

Сіз сүйетін өмірді сүйдім менде
Пәлсапашы пенделер күйдірсе де

Пәтуасыз тағдырдың парқын ұқтым.
Ар мен жырға жұмыр басты идіргенде.

Тепкілейді тағдыр тек аландарын
Жаның ұқты заманда жалған барын
Ұлы өлеңге ұл болған Мұзбалақ-ау
Ғасырларға жалғасар таңбаларың.



БӨГЕТБАЙ ИМАНҒАЛИ,
Журналистика мамандығының
2 курс 205 топ студенті

Шайырлық еді талантым,
Ақ қағаз маған ақ алтын.
Қаламсап еді жоралқым,
Ал қиялыма тоналдым.

Вирус деп үйде қамалдық ,
Апат боп жүйе моральдік.
Үйге емес құдды қамалды
Вирус сөзіне санам шын.

Жасындай болып жанардын,
Индеттің емін табар кім?
Айықты әлем деп шығар.
Таратар жақсы хабар кім?

Жөн емес жұртқа жолаудың,
Пенде жоқ жерге бара алдым.
Көкірегімнен шабыт параққа,
Вирустай шығып таралдым.

Мен Қазақ едім жан алдым ,
Мың өліп қайта жаралдым.
Пәледен Аллаһ сақтаса,
Төбемнен әлі жанар күн

АУЫЛҒА САҒЫНЫШ

Сағынып, аңсап,
Отырмын бүгін ауылды.
Мына шаһарда түсінер кім бар жанымды?
Беймаза болып, қаланың у-шу күйінен,

Құлағып тұнып, тынымсым сонша тарылды.
Іздеймін бүгін кешегі ауыл кездерін,
Өткен күн елес, тынымсыз тағдыр тезбедін?
Шалшық су кешіп, доп қуып өшіп жүргенде,

Бақыттың неге ауылда екенін сезбедім?
Жалған ғұмырдың бұйырықтарына бағындым,
Ауылдан шығып, зәулім үйлерден табылдым.
Мұрныма кофе, иісі келсе құрысын

Бәрінен бұрын қоранын иісін сағындым.
Жусан иісі, жаз кеші ымырт жабылған,
Желмен жарысып, шықпаушы едік шағылдан.
Күн астындағы жазғұтырымдық көрініс,

Көрінер көзге, табылар шіркін ауылдан.
Туған жер сенін әр тастарыңды ұнаттым.
Тұмса табиғатынның, топырағына құмарттым.
Өрістен келер маңыраған малдың дауысы,

Құлама-құлди, түбінде жатыр құлақтың.
Қыр баласымын, арманым биік шындардай,
Қыр ұлымын мен, Табылды айтқан жырлардай.
Елеңдеп әр кез ауылға қарап қойамын,
Қайран ауылым, мағанда қарап тұрғандай.

ҚУАНСАН ҚАЗАҚ СЕН ҚУАН

Сексен алтының салқыны,
Алатау бойын шарпыды
Желтоқсан желі соққанда,
Қатты еді ызғар қарқыны

Алапат хабар төнгенде,
Жиылды жастар сол демде.
Қоневты естіп кеткенін,
Креслоны беріп Колбинге.

Ашулы жастар жұлқынып,
Кеудеде ыза бұлқынып
Талабын қойып қаймықпай
Билікке қарай ұмтылып.

Келгенде әскер түнере
Шүріппе басып шірене
Қан болып ақты сол күні
Ілгері жатқан Іле де

Тасталып суық зынданға
Сай сүйсек келіп сынғанда
Күрсініп терең демалдым
Осыдан асқан мұң барма?

25 мыңдай жас келген
Алаң лық толы әскермен
Жетпеген солдат сымақты
Шақыртты жедел Мәскеуден

Тоқпақтап ұрып жабылып
Қансырап бастар жарылып
Оқуға кеткен ботам деп
Отырған ана сағынып.

Қайраттар бастап қиырдан
Ерболда жігер жиылған
Жәннәттық болсын Ләззаттар,
Сабира қыршын қиылған.

Ұйқыдан қазақ оянды
Саясат көзін жой алды
Ақ ұлпа болған ақша қар
Қып қызыл түске боялды

Соққыға салып сұм күшін
Боздатып қазақ ұл қызың
Лағынет деймін сол кезгі
Құдайшылдардың құлқы үшін

Бұлт арасынан күн шығып
Тыраштап шығып түншығып
Тоқсан бірменен азаттық,
Жеңіспен келді құлшынып

Ұмытылмайтын осы күн!
Елеусіз қалмас осы мұң
Желтоқсан желі қаралы
Тәуелсіздік пен қос ұғым

Ешкімге бермей есесін
Қуанды қазақ кеше шың
Қуансан қазақ сен қуан
Қуанбай басқа нетесін?

БАҚҰЛ БОЛ БЕЙСЕН!

Телефонды алып ем жана тұрып,
Жәйсіз хабар естідім таң атырып.
Қазағым жоғалтыпты азаматын,
Өксігіме тұсау сап қара құрық!

Халқым айырылыпты Бейсенінен,
Бастартатын ұлы еді,сый шеніңнен.
Қаралы хабарды естіп қалғанымда
Сенгін келмей кетеді кей сенімге.

Тағдыр шіркін ажалға жолықтырып,
Көрерменге қалған жоқ жәй ұқтырып,
Орын алып тұрыңыз тарихында
Телевизия төрінен ойып тұрып!

Жылы дауысы естілуші ед(і) әр үйде,
Амал барма мынау жалған фәниге?
"Айтуға оңай" деп жүретін ұлыңды
Өлді деп те айту қиын әрине...

Елге біткен қайталанбас нар тұлғам,
Өшпес ізді қалдырдың ау артыңнан.
Телевизияның тұғырындағы тілшідеп,
Өзінді жоқтап,іздеп тұратын халқың бар!

Әрекет қылған "Қарекет"-інді айтамыз
Игі істерінен ізбасарына ой таныс
Өткінші өмір мәңгілік емес ақиқат
Алладан келдік,Аллаға кері қайтамыз.

АҚКҮН СЕМБАЕВА,
Журналистика кафедрасы 1 курс студенті

ҰРПАҚТАР ҰМЫТПАЙТЫН ҰЛЫ ЖЕҢІС

1941... Қиын кезең бастауы,
Бейбітшілік кезеңін сол бір жерде тастауы
Таңғы 4-те бастау алған бұл соғыс
Қазақ жерін ойсыратып тастады.

Қаншама адам жанын қиып ел үшін,
Сол кездері сарп қылды бар күшін
Жақындарын жер қойнына тапсырып,
Күн өткізді қайғыменен жер үшін

Германия жері бастаған бұл соғыс,
Қалдырмады жер бетінде күнкөріс
Ерлігімен есте қалды батырлар,
Елімізге алып келіп бір Жеңіс

Жеңіс туын желбіреткен көгімде,
Рейхстаққа ту тіккен ел төрінде
Рахымжандай ағамыздың ерлігі,
Ұмытылмас ұрпақ үшін тегінде.

Содан кейін талқандалды жаулар да,
"Жеңіс" атты ұран бар да, ән бар да
Қуаныштан шыр айнала жүгірді,
Бүкіл әлем атыратын таңдарды

АТЫРАУЫМ

Атырауым-Ақ Жайықтың жағасы,
Махамбеттей туып өскен баласы
Кең шаһардай жайылған жайлы мекенім,
Ерте кезден даңқты батыр бабасы

Талай ақын жырға қосқан тұрағым,
Қалам менің ойымда әркез тұрады
Мұнайлы жер, ел аңсаған Атырау,
Дерсің, құдды бүкіл жердің Жұмағы

Жайығың сенің жақұттай көзге көрінген,
Мұражайыңда тарих та жатыр өрілген
Ақиық ақын мекеніне айналған,
Атырауым менің қанатты құстай керілген.

Жайықпын
Қайдасың
Асау толқыным
Жартасты барып ұратын,
Қалмағаным арасымен әуелгі арын қуатым
Күн түскен сәтте күміс түсіне түсуші ем,
Үнімде жоқ қой сәби сазындай шығатын.

Жағама қарап жылаймын жіпсіз байланып,
Барады ол да қатпар қабыққа айналып
Жыңғылым да жоқ жұтаған бәрі,
Жұтатқан,
Пенделер анау-
Қулықпен жүрген жан бағып.

Көк бұйра толқын жатқанда сабын көбік боп,
Жүруші едім бекіре балық серік деп...
Ақындар келіп телміріп қарап тұрады,
Дегендей маған-
Қалған барыңды беріп кет.

Махамбет жырлап кеткен Жайығың мен едім,
Бұл күні азбын, әуелде мен де көп едім
Халқыма жазған арызым осы жырым да,
Ұрпағың үшін аман сақтарсың дегенім.